

**«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы
компаниясы» ЖШС**

Шоғырландырылған қаржы есептілігі

*Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есептемесімен қоса
2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша*

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есептемесі

Шоғырландырылған қаржы есептілігі

| | |
|--|------|
| Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған қаржы есептемесі | 1 |
| Жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған қаржы есептемесі | 2 |
| Ақшалай қаражат қозғалысы туралы шоғырландырылған қаржы есептемесі | 3 |
| Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған қаржы есептемесі | 4 |
| Шоғырландырылған қаржы есептемесіне ескертпелер | 5-47 |

ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТЕМЕСІ


2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне

| <i>мың теңгемен</i> | ескертпе | 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 2018 жылғы 31 желтоқсанға |
|---|----------|------------------------------|------------------------------|
| Активтер | | | |
| Айналымнан тыс активтер | | | |
| Негізгі жабдықтар | 5 | 57.866.379 | 81.362.546 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | 6 | 637.546 | 485.441 |
| Материалдық емес активтер | 7 | 99.965 | 130.176 |
| Айналымнан тыс активтер үшін берілген аванс | | 22.537 | – |
| Пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражат | 8 | 2.159.410 | 1.704.807 |
| Өзге айналымнан тыс активтер | | 34.689 | 20.992 |
| | | 60.820.526 | 83.703.962 |
| Айналымдағы активтер | | | |
| Запастар | 9 | 621.538 | 658.257 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлемақы | | 88.302 | 291.445 |
| Сауда және өзге дебиторлық берешек | 10 | 11.188.952 | 12.667.062 |
| Өзге айналымдағы активтер | 11 | 728.409 | 420.541 |
| Ақшалай қаражат пен оның эквиваленттері | 13 | 6.305.037 | 3.753.806 |
| | | 18.932.238 | 17.791.111 |
| Сату үшін көзделген ұзақ мерзімді активтер | 12 | 6.329.437 | – |
| Барлығы активтер | | 86.082.201 | 101.495.073 |
| Капитал және міндеттемелер | | | |
| Капитал | | | |
| Жарғылық капитал | 14 | 11.575.721 | 11.575.721 |
| Шетелдік валютаны қайта есептеу бойынша қор | | 5.877.904 | 5.942.369 |
| Бөлінбеген табыс | | 17.233.989 | 13.818.793 |
| Барлығы капитал | | 34.687.614 | 31.336.883 |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | | | |
| Қаржы жалгерлігі бойынша міндеттеменің ұзақ мерзімді бөлігі | 15 | 2.698.228 | 4.513.425 |
| Алынған займдардың ұзақ мерзімді бөлігі | 16 | 20.050.394 | 22.662.037 |
| Операциялық жалдау бойынша алынған ұзақ мерзімді аванс | 17 | 59.549 | 4.468.540 |
| Шарт бойынша міндеттемелер | 18 | 72.101 | 3.572.395 |
| Қорлар | | 49.279 | 35.582 |
| Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер | | 88.855 | – |
| Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер | 27 | 2.129.681 | 2.654.686 |
| | | 25.148.087 | 37.906.665 |
| Қысқа мерзімді міндеттемелер | | | |
| Қаржы жалгерлігі бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі | 15 | 1.919.957 | 1.976.175 |
| Алынған займдардың ағымдағы бөлігі | 16 | 2.335.329 | 2.346.693 |
| Операциялық жалдау бойынша алынған қысқа мерзімді аванс | 17 | 4.907.225 | 9.534.906 |
| Шарт бойынша міндеттемелер | 18 | 4.800.157 | 6.877.128 |
| Сауда және өзге кредиторлық берешек | 19 | 9.258.293 | 8.473.661 |
| Қаржы көпідігі бойынша міндеттемелер | 28 | 2.003.093 | 1.893.585 |
| Табыс салығы бойынша міндеттеме | | 29.459 | – |
| Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер | 20 | 992.987 | 1.149.377 |
| | | 26.246.500 | 32.251.525 |
| Барлығы міндеттемелер | | 51.394.587 | 70.158.190 |
| Барлығы капитал және міндеттемелер | | 86.082.201 | 101.495.073 |

Бас директор

Бас директордың экономика және қаржы
жөніндегі орынбасары

Бас бухгалтер



А.Е.Оржанов

Р.Ғ.Сүлейменов

А.О.Бекжанова

1-32 ескертпелер осы шоғырландырылған қаржы есептілігінің
ажырамас бөлігі болып табылады

КІРІСТЕР ЖИНАҒЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТЕМЕСІ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша

| Мың теңгемен | Ескертпе | 2019 жыл | 2018 жыл |
|---|----------|-------------------|-------------------|
| Сатып алушылармен жасасқан шарт бойынша түсім | 21 | 75.894.020 | 30.931.031 |
| Жалдаудан түскен кірістер | 22 | 20.352.200 | 12.161.132 |
| Түсім | | 96.246.220 | 43.092.163 |
| Ұсынылған қызметтердің өзіндік құны | 23 | (72.782.694) | (29.153.476) |
| Жалпы пайда | | 23.463.526 | 13.938.687 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 24 | (2.800.591) | (3.155.087) |
| Сатып өткізу бойынша шығыстар | | (1.145.471) | (193.760) |
| Өзге операциялық кірістер | 25 | 921.873 | 1.423.966 |
| Өзге операциялық шығыстар | 25 | (232.237) | (549.370) |
| Операциялық табыс | | 20.207.100 | 11.464.436 |
| Қаржы кірістері | 26 | 125.251 | 45.609 |
| Қаржы шығыстары | 26 | (1.876.919) | (2.134.001) |
| Теріс бағам айырмашылығы, нетто | | (142.144) | (259.942) |
| Құнсызданудан болған шығындар | 5, 6 | (12.604.112) | (2.658.825) |
| Салық салынғанға дейін табыс | | 5.709.176 | 6.457.277 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 27 | (1.875.980) | (3.515.146) |
| Жылдық табыс | | 3.833.196 | 2.942.131 |
| Өзге кірістер жиынтығы | | | |
| Табыс пен шығын құрамына кезекті кезеңдерде қайта топтыстырылуы мүмкін өзге кірістер жиынтығының сомалары (салықтарды шегергенде) | | | |
| Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеу кезінде бағам айырмашылығы | | (64.465) | 1.342.936 |
| Салықтарды шегергенде жыл бойынша өзге кірістер жиынтығы/(шығындар) | | (64.465) | 1.342.936 |
| Салықтарды шегергенде жыл бойынша барлық кірістер жиынтығы/(шығындар) | | 3.768.731 | 4.285.067 |

Бас директор

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Бас бухгалтер



А.Е. Оржанов

Р.Ф. Сүлейменов

А.О. Бекжанова

АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТЕМЕСІ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша

| <i>Ың теңгемен</i> | Ескертпе | 2019 жыл | 2018 жыл |
|---|-----------|--------------------|--------------------|
| Операциялық қызмет | | | |
| Сатып алушылардан түскен ақшалай түсімдер | | 84.099.666 | 39.448.447 |
| Жеткізушілерге жүргізілетін ақшалай төлемдер | | (67.202.235) | (22.506.332) |
| Қызметкерлерге жүргізілетін ақшалай төлемдер | | (1.956.462) | (1.645.470) |
| Бюджетке жүргізілетін ақшалай төлемдер және өзгесі | | (3.459.079) | (1.692.654) |
| Пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражатқа аудару | | (456.167) | (882.515) |
| Алынған проценттер | | 86.377 | 35.696 |
| Төленген проценттер | 16 | (1.380.785) | (1.477.134) |
| Төленген табыс салығы | | (2.148.125) | (1.417.808) |
| Операциялық қызметтен таза ақша ағындары | | 7.583.190 | 9.862.230 |
| Инвестициялық қызмет | | | |
| Негізгі жабдықтарды сатудан түскен түсімдер | | 1.246.960 | 51.249 |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | (25.823) | (27.592) |
| Негізгі жабдықтарды сатып алу | | (1.396.819) | (9.096.503) |
| Банктік салымдар, нетто | | - | 644.240 |
| Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары | | (175.682) | (8.428.606) |
| Қаржы қызметі | | | |
| Займдарды өтеу | 16 | (2.518.519) | (698.016) |
| Төленген дивиденттер | | (418.000) | - |
| Қаржы жалгерлігі бойынша өтеу | 16 | (1.802.734) | (849.598) |
| Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары | | (4.739.253) | (1.547.614) |
| Ақшалай қаражат пен оның эквиваленттерінің таза азаюы | | 2.668.255 | (113.990) |
| Ақшалай қаражат пен оның эквиваленттеріне таза бағам айырмашылығы | | (117.024) | 370.279 |
| Ақшалай қаражат пен оның эквиваленттері, 1 қаңтарға | | 3.753.806 | 3.497.517 |
| Ақшалай қаражат пен оның эквиваленттері, 31 желтоқсанға | 13 | 6.305.037 | 3.753.806 |

Бас директор

Бас директордың экономика және қаржы
жөніндегі орынбасары

Бас бухгалтер



А.Е.Оржанов
Р.Ф.Сүлейменов
А.О.Бекжанова

**КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ
ЕСЕПТЕМЕСІ**

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша

| <i>Мың теңгемен</i> | Жарғылық капитал | Шетелдік валютаны қайта есептеу бойынша қор | Бөлінбеген табыс | Барлығы |
|---|---------------------|--|---------------------|-------------------|
| 2018 жылғы 1 қаңтарға | 11.575.721 | 4.599.433 | 10.876.662 | 27.051.816 |
| Жыл бойынша табыс | - | - | 2.942.131 | 2.942.131 |
| Жыл бойынша өзге кірістер жиынтығы | - | 1.342.936 | - | 1.342.936 |
| Жыл бойынша өзге кірістер жиынтығы | - | 1.342.936 | 2.942.131 | 4.285.067 |
| 2018 жылғы 31 желтоқсанға | 11.575.721 | 5.942.369 | 13.818.793 | 31.336.883 |
| Жыл бойынша табыс | - | - | 3.833.196 | 3.833.196 |
| Жыл бойынша өзге жиынтық табыс | - | (64.465) | - | (64.465) |
| Жыл бойынша жиынтық табыс | - | (64.465) | 3.833.196 | 3.768.731 |
| Төленген дивиденттер | - | - | (418.000) | (418.000) |
| 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 11.575.721 | 5.877.904 | 17.233.989 | 34.687.614 |

Бас директор

Бас директордың экономика және қаржы
жөніндегі орынбасары

Бас бухгалтер



А.Е.Оржанов
Р.Ф.Сүлейменов
А.О.Бекжанова

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТЕМЕСІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «Компания») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 желтоқсандағы қаулысына сәйкес құрылып, 1998 жылғы 29 желтоқсанда тіркелді. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сай акционерлік қоғам нысанында құрылды. Компания Қазақстан Республикасының ұлттық теңіз сауда флотын құру және отандық жүктердің халықаралық теңіз тасымалын ұйымдастыру мақсатында құрылды.

Компанияның Жалғыз қатысушысы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «ҚМГ ҰК» немесе «Негізгі компания») болып табылады. ҚМГ ҰК бақылаушы акционері 90 % иелену үлесімен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» ҰАҚ») болып табылады, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан бақылауға жатады, 10 % үлесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкке тиісті болады.

Осы шоғырландырылған қаржы есептілігін бірлесе «Топ» деп аталатын Компания мен оның еншілес ұйымдарының қаржы есептілігі құрайды. Компанияның еншілес ұйымдарының тізімі 2 Қосымшада көрсетілді.

Топ қызметінің негізгі түрлерінің бірі қазақстандық шикі мұнайды Ақтау портынан халықаралық нарыққа теңіз арқылы тасымалдау, шикі мұнайды Қара және Жерорта теңіздері арқылы тасымалдау, құрғақ жүктерді тасымалдау, сондай-ақ сервистік флот қызметтерін ұсыну болып табылады.

Топтың меншікті флотын сегіз мұнай танкері («Алматы», «Астана», «Ақтау», «Атырау», «Орал», «Ақтөбе», «Алтай» және «Алатау»), соның ішінде бес сүйреткіш пен сегіз өздігінен тиеу-түсіру баржалары сияқты көмекші кемелер құрайды.

Компанияның заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 130000, Ақтау қаласы, 14-шағын ауданы, 70 ғимарат.

Жарыққа шығару үшін қоса беріліп отырған Топтың жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігі 2020 жылғы 26 ақпанда Бас директор, Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары және Бас бухгалтер тарапынан мақұлданды.

2. ТОПТЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫН ӘЗІРЛЕУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ

Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігі Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттары жөніндегі кеңеспен (ХҚЕС жөніндегі Кеңес) бекітілген редакцияда әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржы есептілігі есеп саясаты мен шоғырландырылған қаржы есептілігіне қоса берілген ескертпелерде жазып көрсетілгенді қоспағанда, тарихи құн бойынша есепке алу негізінде әзірленді. Шоғырландырылған қаржы есептілігіндегі барлық сомалар, егер өзгесі көрсетілмеген болса, мың еселенген мәнге дейін дөңгелектеніп көрсетілді.

ХҚЕС сәйкес шоғырландырылған қаржы есептілігін әзірлеу нақтылы сыни бухгалтерлік бағалымдар мен болжамдарды қолдануды талап етеді. Сондай-ақ, Топтың есеп саясатын қолдану процесінде басшылықтың пайымын қолдануды талап етеді. Неғұрлым жоғары пайымды қолдануды немесе неғұрлым жоғары күрделілікті жорамалдайтын қызмет салалары немесе шоғырландырылған қаржы есептілігі үшін болжамдар мен бағалымдар елеулі болып табылатын салалар 4 Ескертпеде ашып көрсетілді. Осы бағалымдар шоғырландырылған қаржы есептілігін әзірлеу күніне қолда бар ақпаратқа негізделді. Осылайша, нақты нәтижелер болашақта осы бағалымдардан өзгеше болуы мүмкін.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

2. ТОПТЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫН ӨЗІРЛЕУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ (жалғасы)

Шоғырландыру негізі

Осы шоғырландырылған қаржы есептілігін Компания мен оның еншілес ұйымдарының қаржы есептілігі құрайды. Бақылау егер, инвестициялар объектісіне қатысудан Топ алдында ауыспалы кірістерге байланысты тәуекел туындаған немесе ол осы сияқты кірістерге ие болуға құқылы болған, сондай-ақ инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттігін жүзеге асыру арқылы кірістерге әсер ету мүмкіндігіне ие болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Топ инвестициялар объектісін бақылауды, егер мына талаптар орындалған жағдайда ғана жүргізеді:

- Топтың инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттікке ие болуы (яғни, инвестициялар объектісінің елеулі қызметін басқарудың ағымдағы мүмкіндігін қамтамасыз ететін құқықтарға ие болуы);
- инвестициялар объектісіне қатысудан ауыспалы кірістерге байланысты Топ алдында тәуекелдің немесе осы сияқты кірістерге құқылы болуы;
- Топтың инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттігін жүзеге асыруы арқылы кірістерге әсер ету мүмкіндігіне ие болуы.

Сайып келгенде, көпшілік дауыс беру бақылаудың болу талабын қояды. Осы сияқты болжамдарды растау үшін және Топ болмашы дауыс беру құқығына немесе инвестициялар объектісіне қатысты осыған ұқсас құқықтарға ие болған жағдайда, Топ осы объектілер инвестицияларына қатысты өкілеттікке ие болу бағалымы кезінде мына қолайлы барлық фактілер мен жағдайларды ескереді:

- инвестициялар объектісінде дауыс беру құқығына ие басқадай тұлғалармен келісімі;
- басқадай келісімдермен келісілген құқықтар;
- Топқа тиесілі дауыс беру құқығы мен әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Егер фактілер мен жағдаяттар бақылаудың үш компоненттерінің бірінің немесе бірқатарының өзгерістерін куәландыратын болса, Топ инвестициялар объектісіне қатысты бақылаудың болуына қайтара талдау жүргізеді. Еншілес ұйымның шоғырлануы Топтың еншілес ұйымға бақылауды жүргізген мезгілінде басталады және Топтың еншілес ұйымға қатысты бақылауды жоғалтқан жағдайда тоқтатылады. Сатып алынуы немесе құрамынан шығуы жыл ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топтың бақылауға ие болған күнінен бастап шоғырландырылған қаржы есептілігіне қосылады және Топтың еншілес ұйымға бақылау жүргізуді жоғалтқан күнінен бастап ашып көрсетіледі.

Табыс немесе шығындар және өзге жиынтық кірістердің (ӨЖК) әрбір компоненті және бақылауға жатпайтын қатысу үлестері егер, осы бақылауға жатпайтын қатысу үлестерінің теріс сальдосына әкеліп соқтырған жағдайда Топтың негізгі ұйымының акционерлеріне тиісті болады. Еншілес ұйымдардың қаржы есептілігіне осы сияқты ұйымдардың есеп саясатын Топтың есеп саясатымен өзара сәйкестікке келтіру үшін тиісті түзетулер қажеттігіне қарай енгізіледі. Топтың ішкі операцияларын жүзеге асыру нәтижесінде барлық ішкі топтық активтер мен міндеттемелер, меншікті капитал, кірістер, шығыстар мен ақшалай ағындар шоғырландыру кезінде толықтай жойылады.

Еншілес ұйымда бақылау жойылмай үлестің өзгеруі меншікті капиталмен жүргізілген операция ретінде ескеріледі.

Егер Топ еншілес ұйым алында бақылау жүргізуді жоғалтқан жағдайда, ол тиісінше активтерді (соның ішінде гудвил), міндеттемелерді, бақылауға жатпайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың өзге компоненттерін мойындауды тоқтатады және табыс немесе шығындар құрамында туындаған табыс пен шығындарды мойындайды. Қалған инвестициялар әділ құн бойынша мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

2. ТОПТЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫН ӨЗІРЛЕУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ (жалғасы)

Шоғырландыру негізі (жалғасы)

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне және 2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне Компанияның еншілес ұйымдарға қатысу үлесі:

| Компания | Негізгі қызметі | Тіркелген жері | Қатысу үлесі | |
|-------------------------------|---|------------------|-------------------------|-------------------------|
| | | | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
| «Қазақтеңізкөлікфлоты ЛТД» | Қазақстандық шикі мұнайды Ақтау қаласының портынан Каспий теңізіндегі халықаралық нарыққа теңіз арқылы тасымалдау, шикі мұнайды Қара және Жерорта теңіздерінде тасымалдау | Мэн аралы | 100% | 100% |
| «Қазақтеңізкөлікфлоты ЮК ЛТД» | Топқа қызметтерді ұсынатын агенттің компаниясы ретінде теңіз операцияларын жүргізеді және коммерциялық басқару бойынша келісімге сәйкес кірістерге ие болады | Ұлыбритания | 100% | 100% |
| «Алтай Шиппинг ЛТД» | Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін халықаралық нарыққа теңіз арқылы тасымалдау және өз меншігіндегі танкерді жалға беру | Маршалл аралдары | 100% | 100% |
| «Алатау Шиппинг ЛТД» | Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін халықаралық нарыққа теңіз арқылы тасымалдау және өз меншігіндегі танкерді жалға беру | Маршалл аралдары | 100% | 100% |

Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге берілген түсіндірме және түзетулер

Топ «Жалдау» ХҚЕС 16 (IFRS) алғаш рет қолданды. Осы қаржы есептілігінің стандартын қолданумен шартталған өзгерістердің сипаты мен оның әсері төменде жазып көрсетілді.

Сондай-ақ, 2019 жылы алғаш рет стандартталған бірқатар басқадай түзетулер мен түсіндірмелер қолданылды, олар Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне әсерін тигізбеді. Топ жарыққа шыққан, бірақ күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбады.

«Жалдау» ХҚЕС 16 (IFRS)

ХҚЕС (IFRS) «Жалдау» 17 ХҚЕС (IFRS) алмастырды, «Келісімде жалдау белгілерін анықтау» ХҚЕ ТК 4 (IFRIC) түсіндірмесі, «Операциялық жалдау – уәждемелер» ТТК 15 (SIC) түсіндірмесі және «Жалдаудың заңды нысанына ие операциялардың мәнін айқындау» ТТК 27 (SIC). Стандарт жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, беру және ашып жария ету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың теңгерімдегі жалға алудың көпшілік шарттарын ашып көрсетуін талап етеді.

ХҚЕС 16 (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі іс жүзінде ХҚЕС 17 (IFRS) салыстырғанда өзгермейді. Жалға берушілер жалдау жіктелімін ХҚЕС 17 (IFRS) сияқты жіктелім қағидаттарын қолдана отырып жалғастыратын болады, осы ретте жалдаудың екі түрі: операциялық және қаржы көрсетіледі. Осылайша, ХҚЕС 16 (IFRS) қолдану Топтың жалға беруші ретінде жалдау шарттарын есепке алуда әсерін тигізбейді.

Топ 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап алғаш рет қолданудың модификацияланған ретроспективті әдісін қолдана отырып, ХҚЕС 16 (IFRS) қолданып бастады. Егер ұйым модификацияланған ретроспективті әдісті (немесе қалыптасқан жағдайға қарай меншікті капиталдың басқадай компоненті) қолданатын болса, салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді және стандарттың бастама қолдану тиімділігінің

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

2. ТОПТЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫН ӨЗІРЛЕУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге берілген түсіндірме және түзетулер (жалғасы)

«Жалдау» ХҚЕС 16 (IFRS) (жалғасы)

сомалық тиімділігі бастапқы бөлінбеген табыстың түзетулері ретінде оның бастапқы қолданып бастау күніне мойындалады.

ХҚЕС 16 (IFRS) қолдану бастапқы қолданылған күніне бөлінбеген табыс қалдығына түзетулерді енгізу ретінде сатнадартты бастапқы мойындаудың сомалық әсерін тигізбеді.

Бұдан бұрын қаржы жалгерлігі ретінде топтастырылған жалға алу

Бұдан бұрын қаржылай жалға алу ретінде жіктелген жалға алу үшін Топ бастапқы қолдану күніне мойындалған активтер мен міндеттемелердің бастапқы теңгерімдік құнын өзгертпеді (яғни жалдау бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер мен міндеттемелер ХҚЕС 17 (IFRS) қолдану арқылы мойындалған жалдау бойынша активтер мен жалдау бойынша міндеттемелер шамасына теңдес сомада бағаланды).

ХҚЕС 16 (IFRS) талаптары 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап осы сияқты жалдауға қаатысты қолданылды. ХҚЕС 16 (IFRS) қолдану бастапқы қолданылған күніне бөлінбеген табыс қалдығына түзетулерді енгізу ретінде стандартты бастапқы мойындауға сомалық әсерін тигізбеді.

«Табысқа салынатын салықты есептеу қағидасына қатысты айқынсыздық» ҚЕСКТ 23 (IFRS) түсіндірме

Түсіндірме беру «Табысқа салынатын салық» ХҚЕС 12 (IAS) қолдануға әсерін тигізетін салық тұжырымдамаларына қатысты айқынсыздықтың туындауы жағдайында табысқа салынатын салықты есепке алу тәртібін пысықтайды. Түсіндірме беру ХҚЕС 12 (IAS) қолдану саласына жатпайтын салықтарға немесе алымдарға қатысты қолданылмайды, сондай-ақ айқынсыздық жағдайындағы салық тұжырымдамаларымен байланысты проценттер мен айыппұлдарға белгілі бір талап қоймайды. Атап айтқанда, түсіндірме беру мына мәселелерге қатысты көзделеді:

- ұйым айқынсыздық жағдайындағы салық тұжырымдамаларын жеке пысықтауға тиіс пе;
- салық органдарының салық тұжырымдамаларын тексеруге қатысты ұйым болжамдары;
- ұйым табысқа салық салу (салық шығындары), салық базасын, пайдаланылмаған салық шығындарын, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен салық мөлшерлемесін қалайша айқындайды;
- ұйым фактілер мен жағдаяттардың өзгерістерін қалайша айқындайды.

Топ әрбір айқындалмаған салық тұжырымдамасын жеке немесе бір немесе бірнеше айқындалмаған салық тұжырымдаларымен бірге пысықтау қажеттігін айқындайды және айқынсыздықтың шешілу нәтижесін неғұрлым жоғары дәлдікпен жорамалдау мүмкіндігін беретін әдісті қолданды.

Топ табысқа салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты айқынсыздықты анықтау кезінде елеулі пайымдаманы қолданды. Топ өз қызметін күрделі халықаралық ортада жүзеге асыратын болғандықтан, ол осы түсіндірмені шоғырландырылған қаржы есептілігіне қолдану оған қалайша әсерін тигізуі мүмкін жағдайына талдау жүргізді.

Түсіндірмені қолданған кезде Топ қандай да болмасын айқындалмаған, атап айтқанда трансферттік баға белгілеумен байланысты салық тұжырымдамаларының болуына талдау жүргізді. Компания мен оның еншілес ұйымдарының әртүрлі юрисдикциялардағы салық декларацияларына трансферттік баға белгілеумен байланысты шегерімдер қосылды және салық органдары осы салық тұжырымдамаларымен келіспеуі мүмкін. Топтың салық заңнамасының талаптарын орындайтынын ескере отырып, трансферттік баға белгілеуде қолданылатын практикалық талдауға қарай Топ салық органдары тарапынан қолданылатын салық тұжырымдамалары (соның ішінде оның еншілес ұйымдарына

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

2. ТОПТЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫН ӨЗІРЛЕУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге берілген түсіндірме және түзетулер (жалғасы)

қолданылатын тұжырымдамалар) ықтимал болып табылады деп тұжырымдады. Осы түсіндірме Топтың шоғырландырылған қаржы есептігіне әсерін тигізбеді.

ХҚЕС 9 (IFRS) Түзетулері – «Әлеуетті теріс өтеммен қоса мерзімінен бұрын өтеу туралы таалаптар»

ХҚЕС 9 (IFRS) сәйкес берешек құралы өзге жиынтық кірістер арқылы амортизациялық құны немесе әділ құны бойынша бағалануы мүкін, бұл жағдайда шартта көзделген ақша ағындары «негізгі берешек сомасының өтелмеген бөлігіне негізгі берешек сомасы мен проценттер есебінен айрықша төлемдер» («ақша ағындары» критерийлері) болып табылуы талабы қойылады және құрал осы сияқты топтастыру мүмкіндігін беретін тиісінше бизнес-үлгі шеңберінде ұстап қалынады. ХҚЕС 9 (IFRS) енгізілген түзетулер кейбір оқиғалардың немесе жағдаттардың шарттың мерзімінен бұзылуына әкеліп соқтыруына қарамастан, сондай-ақ қайсібір тараптың шартты мерзімінен бұрын бұзғаны үшін негізді өтемді төлеуге немесе алуға тиіс болатынына қарамастан қаржы активі «ақша ағындары» критерийін қанағаттандырады деп түсіндірме берді. Осы түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне әсерін тигізбеді.

ХҚЕС 19 (IAS) – «Бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарламалар бойынша міндеттемелерді өтеу»

ХҚЕС 19 (IAS) түзетулері бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу жағдайларында есепке алу тәртібін есепті кезең ішінде пысықтайды. Түзетулер, егер бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу жылдық есепті кезең ішінде жүргізілген болса, ұйым ағымдағы кезеңдегі қызметтердің құнын бағдарламаға өзгерістерістер енгізілген, ол қысқартылған немесе белгіленген төлемдерімен қоса бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақыны ашып көрсететін бағдарламаның таза міндеттемесін (активті) және осы оқиғадан кейінгі активтерді қайта бағалау үшін қолданылған актуарлық болжамдарға қарай бағдарлама бойынша міндеттемелер толық өтелгеннен кейін қалған кезең бөлігіне қатысты айқындайды деп түсіндірме береді. Сондай-ақ, ұйым бағдарламаға өзгерістер енгізілген, ол қысқартылған немесе бағдарлама бойынша міндеттемелер толық өтелгеннен кейін қалған кезең бөлігіне қатысты таза проценттер шамасын бағдарлама бойынша белгіленген төлемдермен қоса ұсынылатын сыйақыны, сондай-ақ белгіленген төлемдерімен қоса осы бағдарлама міндеттемесін (активті) қайта бағалау үшін қолданылған дисконттау мөлшерлемесін және осы оқиғадан кейінгі бағдарлама активтерін ашып көрсететін бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қолдана отырып, айқындауға тиіс.

Осы түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені есепті кезеңде бағдарламаға өзгерістер енгізу, оны қысқарту немесе ол бойынша міндеттемені өтеу жүргізілмеді.

ХҚЕС 28 (IAS) түзетулері – «Қауымдастық ұйымдар мен бірлескен компанияларға ұзақ мерзімді салымдар»

Түзетулер ұйым қауымдастық ұйымдарға немесе бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдарға қатысты ХҚЕС 9 (IFRS) қолдануы тиіс деп түсіндірме береді, оларға қатысу үлесінің әдісі қолданылмайды, бірақ олар қауымдастық ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның таза инвестициялық бір бөлігін (ұзақ мерзімді салымдар) құрайды. Осы түсіндірме маңызды болып табылады, өйткені ол осы сияқты ұзақ мерзімді салымдарға ХҚЕС 9 (IFRS) күтілетін кредиттік шығындар үлгісі қолданылады деген ұғымды білдіреді.

Сондай-ақ түсіндірмелерде ұйым ХҚЕС 9 (IFRS) қолданған кезде қауымдастық ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның шығындарын не болмаса «Қауымдастық ұйымдарға және бірлескен кәсіпорындарға тартылатын инвестициялар» ХҚЕС 28 (IAS) қолдану салдарынан туындайтын қауымдастық ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға тартылатын таза инвестицияларға енгізілген

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

2. ТОПТЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫН ӨЗІРЛЕУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ (жалғасы)

түзетулер ретінде мойындалған таза инвестицияның шығындарын назарға алмайды деп түсіндірме береді.

Осы түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені Топ алдында өзіне қатысты бөлігінде пысықталуға тиіс қауымдастық ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға ұзақ мерзімді салымдар жоқ.

Жарыққа шыққан, бірақ күшіне енбеген стандарттар

«Сақтандыру шарттары» ХҚЕС 17 (IFRS)

2017 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі кеңес мойындау және бағалау, ақпаратты беру және ашып жария ету мәселелерін пысықтайтын, сақтандыру шарттарына аналған қаржы есептілігінің жаңа кең көлемді стандарты «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС 17 (IFRS) шығарды. «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС 17 (IFRS) күшіне енген жағдайда ол 2005 жылы жарық көрген «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС 4 (IFRS) орнына қолданылатын болады. ХҚЕС 17 (IFRS) оны шығарған ұйым түріне, сондай-ақ дискрециондық қатысу талаптарымен қоса нақтылы кепілдіктер мен қаржы құралдарына қарамастан сақтандыру шарттарының бүкіл түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан бөлек сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру) қатысты қолданылады. Қолдану саласынан айрықша жағдайлар да болады. ХҚЕС 17 (IFRS) негізгі мақсаты сақтанушылар үшін неғұрлым тиімді және реттілікпен шарттарды есепке алу үлгісін ұсыну болып табылады. Алдыңғы жергілікті есеп саясаттарына негізделген ХҚЕС 4 (IFRS) салыстырғанда ХҚЕС 17 (IFRS) есепке алудың бүкіл орынды аспектілерін қамтитын сақтандыру шарттарының жан жақты үлгісі болып табылады. ХҚЕС 17 (IFRS) негізін мыналармен толықтырылған жалпы үлгі құрайды:

- тікелей қатысу талаптарымен (ауыспалы сыйақылау әдісі) сақтандыру шарттары үшін нақтылы модификациялар;
- негізінде қысқа мерзімді шарттарға арналған жеңілдетілген әдіс (сыйлықақыны бөлу негізінде көздерірілген әдіс).

ХҚЕС 17 (IFRS) 2021 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейінгі күні басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, осы ретте салыстырмалы ақпаратты беру талабы қойылады. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі, бұл жағдайда ұйым ХҚЕС 17 (IFRS) алғашқы немесе алдыңғы қолдану күніне дейін ХҚЕС 9 (IFRS) және ХҚЕС 15 (IFRS) қолдануы талабы қойылады. Осы стандарт Топқа қатысты қолдануға келмейді.

ХҚЕС 3 (IFRS) түзетулері — «Бизнесі айқындау»

2018 жылғы қазанда ХҚЕС кеңесі «Бизнесерді біріктіру» ХҚЕС 3 (IFRS) түзетулерді шығарды. Олар «бизнес» терминінің анықтауын өзгертіп, ұйымдарға сатып алынған қызмет түрлерінің жинағы мен активтер бизнес болып табыла ма әлде жоқ па осыны айқындауға қолғабыс етеді. Осы түзетулер бизнеске қатысты ең төмен талаптарды нақтылап көрсетеді, нарық қатысушыларының қандай да болмасын тапшылық болған элементтерді алмастыруға жарамды болуына баға беруді жояды, сатып алынған процестің елеулі болатындығына баға беруде ұйымдарға қолғабыс ету үшін басшылықты қосады, бизнес пен оның кері әсерін айқындайды, сондай-ақ әділ құнының концентрациясына өткізілуі міндетті болып табылмайтын тест жүргізуді қолданысқа енгізеді. Сондай-ақ, түзетулермен қоса жаңа иллюстрациялық мысалдар келтірілді.

Осы түзетулер бастапқы немесе кейінгі қолдану күніне жүргізілетін операцияларға немесе өзге оқиғаларға қатысты персективалы негізде қолданылатын болғандықтан аталмыш түзетулер Топтың ету күніне әсерін тигізбейді.

ХҚЕС 1 (IAS) және ХҚЕС 8 (IAS) түзетулер — «Елеулікті айқындау»

2018 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі кеңес әртүрлі стандарттарда елеулікті айқындау және осы анықтаудың бірқатар аспектілеріне түсіндірме беру үшін «Қаржы есептілігін беру» ХҚЕС 1 (IAS) және «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалау өзгерістері және оның қателіктері» ХҚЕС 1 (IAS) жарыққа шығарды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

2. ТОПТЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫН ӨЗІРЛЕУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ (жалғасы)

Жаңадан берілген анықтауға сәйкес «ақпарат егер, оның берілуі, бұрмалануы немесе бүркемеленуі нақтылы есеп беруші ұйым туралы қаржы ақпаратын беретін осы қаржы есептілігі негізінде қабылданатын жалпы қолданудағы қаржы есептілігінің негізгі пайдаланушыларының шешіміне әсерін тигізу мүмкіндігі негізді күтілетін болса, елеулі болып табылады».

Елеулік айқындауына қатысты түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне елеулі әсерін тигізбеуі күтілуде.

ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірулері, 2015-2017 жылдар (2017 жылғы желтоқсанда жарыққа шықты)

Осы жетілдірулер мына түзетулерді қамтиды:

ХҚЕС 3 (IFRS) «Бизнесстерді біріктіру»

Түзетулерде егер, ұйым бірлескен операция болып табылатын бизнеске бақылау жүргізуді өз қолына алатын болса, ол әділ құны бойынша бірлескен операциялардың активтері мен міндеттемелеріндегі бұрынғы қатысу үлестерін қайта бағалауды қоса алғанда, кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын бизнесстерді біріктіруге қатысты талаптарды қолдануға тиіс деп түсіндірме беріледі.

Осы түзетулер жоғарыда берілген кезеңдерде осы секілді операциялардың болмауы себептен Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне әсерін тигізбеді.

ХҚЕС 11 (IFRS) «Бірлескен кәсіпкерлік»

Бірлескен операциялардың қатысушысы болып табылатын, бірақ бірлескен бақылауға ие болмайтын Тарап бірлескен операциялардың бақылауына ие болуы мүмкін, ол осы операциялардың қызметі шеңберінде бизнес деп танылады, ХҚЕС 3 (IFRS) осы терминді айқындайды. Түзетулерде осы сияқты жағдайларда осы бірлескен операцияда болған қатысу үлестері қайта бағаланбайды деп түсіндірме берілді.

Осы түзетулер Топтың бірлескен бақылауға ие болатын операциялар шеңберінде операцияларды жүргізбеуі себептен оның шоғырландырылған қаржы есептілігіне әсерін тигізбеді.

ХҚЕС 12 (IAS) «Табыс салығы»

Түзетулер дивиденттерге қатысты салық салдары меншіктенушілер арасында бөлінетін табыспен салыстырғанда бөлінетін табысты тудыратын бұрынғы операцияларға немесе оқиғаларға жоғары деңгейде байланысты болады деп түсіндірме береді. Демек, ұйым табыс немесе шығындар, өзге жиынтық кірістер немесе меншікті капитал құрамындағы дивиденттерге қатысты салық салдарын олардың осы сияқты операциялар мен оқиғаларды бастапқы мойындауына қарай мойындауға тиіс болады.

Ұйым осы түзетулерді алғашқы қолданған кезде оларды ең алдымен басталған салыстырмалы кезеңнің бастаған күніне немесе осы күннен кейін мойындалған ивиденттерге қатысты салық салдарына қолдануға тиіс.

Топтың әрекет үстіндегі саясаты түзетулердің талаптарына сәйкес келгендіктен, оларды қолдану Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне әсерін тигізбеді.

ХҚЕС 23 (IAS) «Займдар бойынша шығындар»

Түзетулер осы активті мақсатына пайдалануға немесе сатуға әзірлеу үшін қажет болатын бүкіл жұмыстар аяқталған кезде жалпы мақсаттардағы займдар құрамында квалификацияланған активті сатып алу үшін арнайы алынған займдарды есепке алу қажет деп түсіндірме береді.

Ұйым осы түзетулерді жылдық есепті кезең күніне алғаш рет немесе осы күннен кейін қолдану арқылы займдар бойынша жұмсалған шығындарға қатысты осы түзетулерді қолдануға тиіс болады. Топтың әрекет үстіндегі саясаты түзетулердің талаптарына сәйкес келетіндіктен оларды қолдану Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне әсерін тигізбейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Шетелдік валютаны қайта есептеу

Шоғырландырылған қаржы есептілігі теңгемен берілді, ол функционалдық валюта және Топ есептілігін беру валютасы болып табылады.

Шетелдік валюталарда жүргізілетін операциялар бастапқы уақытта операцияны жүргізу күніне әрекет үстіндегі бағам бойынша функционалдық валютада есепке алынды. Шетелдік валютада белгіленген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күнге әрекет үстінде болатын функционалдық валюта бағамы бойынша қайта есептелді. Негізгі мәмілені жүргізу күнінен кейінгі кезекті күнге шетелдік валютада белгіленген активтер мен міндеттемелер бойынша туындайтын бағам айырмашылығынан болған кез келген табыс пен шығындар жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған есептемеде мойындалды.

Шетелдік валютада тарихи құнына қарай бағаланатын ақшалай емес баптар бастапқы операцияларды жүргізу күндеріне айырбастау бағамдарын қолдану арқылы қайта есептелді. Шетелдік валютада әділ құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құнын айқындау күнінен әрекет үстінде болатын бағам бойынша қайта есептелді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банк белгілеген орташаөлшемді валютаны айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валютаны айырбастау бағамдары ретінде қолданылды.

Осы шоғырландырылған қаржы есептілігін әзірлеу кезінде теңгеге қатысты мына негізгі әлемдік валюталардың айырбастау бағамдары қолданылды:

| Мына күнге айырбастау бағамы | 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 2018 жылғы 31 желтоқсанға |
|-------------------------------------|--------------------------------------|------------------------------|
| АҚШ доллары | 382.59 | 384.2 |
| Еуро | 429.00 | 439.37 |
| Ағылшын фунт стерлинг | 503.41 | 488.13 |

Негізгі жабдықтар

Негізгі жабдықтар жинақталған тозу мен құнсыздануды шегергеннен қалған бастапқы құны бойынша ашып көрсетілді.

Негізгі жабдықтардың бастапқы құнына егер, осы сияқты құрылысты сатып алу құны немесе құрылыс құны, активті жұмыс күйіне келтірумен байланысты кез келген тікелей шығындар және пайдаланудан шығару бойынша кез келген міндеттеменің бастапқы бағалауы қосылды. Осы сияқты құнға жабдық бөлшектерін басқасына ауыстыру құны және ұзақ мерзімді құрылыс жобалары болған жағдайда, егер олардың капиалдандыру критерийлері орындалатын болса займ бойынша шығындар қосылды. Негізгі жабдықтардың елеулі компоненттерін белгілі бір уақыт аралығында басқасына ауыстыру қажет болған жағдайда Топ осы секілді компоненттерді дербес пайдалы қызмет мерзіміне сәйкес келетін жеке активтер ретінде мойындайды және тиісінше тәртіппен амортизациясын жүргізеді. Осыған ұқсас негізгі техникалық тексеруді жүргізген кезде осымен байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалған болса негізгі жабдықтардың теңгерімдік құнында жабдықты басқасына ауыстыру ретінде мойындалады. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша барлық өзге шығындар осы шығындардың болу сәтіне жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған есептемеде мойындалды. Құрылысты сатып алу құны немесе құрылыс құны төленген жалпы соманы және активті сатып алу үшін берілген кез келген өзге жабдықтардың әділ құнын білдіреді.

Негізгі жабдықтардың тозуы төменде көрсетілген тиісінше активтің есепті пайдалы қызмет мерзімі ішінде түзу сызықты әдіс негізінде есептеп шығарылды.

| | Пайдалы қызмет мерзімі (жылмен) |
|----------------------|--|
| Ғимарат | 8-50 |
| Машиналар мен жабдық | 3-30 |
| Көлік құралдары | 3-30 |
| Өзгесі | 3-20 |

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Негізгі жабдықтар (жалғасы)

Негізгі жабдықтардың күтілетін пайдалы қызмет мерзімі, қалдық құны және тозуды есептеп шығару әдістері жыл сайын қайта қаралады және тиісінше өзгерістер қажеттігіне қарай перспективалық негізде ескерілетін болады.

Негізгі жабдықтардың теңгерімдік құны қалыптасқан оқиғалар немесе жағдаяттар баланстық құнның өтелмейтін әрбір жағдайында құнсыздану мәніне қайта қаралады.

Жөндеу және қалпына келтіру шығындары олардың болуына қарай шығыстар болып табылады және қызмет көрсетулердің өзіндік құнына немесе жалпы әкімшілік шығыстар құнының құрамына, егер капиталандыруға жатпайтын болса ғана негізгі жабдықтардың функцияларына қарай қосылады.

Минералды шикізаттың кен орындарын қалпына келтіруге арналған қор

Кен орнын қалпына келтіруге арналған қор өндірістік активтердің пайдалы қызмет мерзімі соңында оларды болашақта таратуға және қалпына келтіруге қатысты мойындалады.

Айназар кен орны бойынша жер пайдалану келісім шартына сәйкес Топ өз қызметінің, соның ішінде келісім шарттық аумақтағы құрылыстар мен жабдықты жоюды немесе таратуды қоса алғанда салдарын жоюға міндетті. Минералды шикізат кен орнын қалпына келтіруге арналған қор ағымдағы заңды және конструктивті талаптарға, технологиялар мен бағалар деңгейіне қарай бағаланады.

Қалпына келтіру бойынша нақты шығындар заңнама талаптары мен интерпретацияларында, технологияларда, бағалар мен өзге талаптарда болған өзгерістер салдарынан олардың бағалымдарынан өзгеше болуы мүмкін және осы шығындар көптеген жылдардан кейін жұмсалады, қордың баланстық теңгерімі осы сияқты өзгерістерді есепке алу үшін тұрақты тексеріліп, оған түзетулер енгізіліп отырады. 2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне минералды шикізат кен орнын қалпына келтіру үшін қордың баланстық құны 49.279 мың теңгені құрады (2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне: 35.582 мың теңге).

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік, соның ішінде мәміле шығындарын қосқанда жинақталған тозу мен құнсыздануды шегергеннен қалған бастапқы құны бойынша бағаланады. Белгілі бір уақыт аралығында инвестициялық жылжымайтын мүліктің елеулі компоненттерін басқасына ауыстыру қажеттігіне қарай Топ осы секілді компоненттерді оларға сәйкес келетін дербес пайдалы қызмет мерзімімен жеке активтер ретінде мойындайды және оларға тиісінше тәртіппен амортизация жүргізеді. Жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуге жұмсалған барлық өзге шығындар жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған қаржы есептемесінде жұмсалған сәтінде мойындалады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің тозуы есепті пайдалы қызмет мерзімі ішінде тура әдіс негізінде есептеп шығарылады, ғимараттар мен құрылыстар үшін ол 8 жылдан 50 жылға дейін белгіленеді.

Инвестициялық жылжымайтын мүлікті мойындау оның шығарылған не болмаса, егер ол пайдаланудан шығарылған жағдайда және оның шығарылуынан болашақта экономикалық пайда күтілмейтін болса тоқтатылады. Шығарудан түскен таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасында айырмашылық кірістер жинағы туралы шоғырландырылған есептемеде оның мойындалуы тоқтатылған кезеңде мойындалады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына не болмаса одан аудару жылжымайтын мүлікті қолдану сипаттамасында өзгерістің болған жағдайында ғана жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің жылжымайтын мүлік объектісінің иесіне аударылған кезде кейінгі есепке алу мақсаттары үшін шартты бастапқы құн пайдалану мақсаттарының өзгеру сәтінде қалған құнды білдіреді. Иесі белгіленген жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісі болған жағдайда Топ осы сияқты жылжымайтын мүлікті негізгі жабдықтардың есеп саясатына сәйкес пайдалану мақсаты өзгерген сәтіне дейін есепке алатын болады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған шығындарды шегергеннен қалған бастапқы құны бойынша ашып көрсетіледі. Материалдық емес 2-15 жыл ішінде амортизация активтерге тура әдіс негізінде жүргізіледі және олар материалдық емес активтің мүмкінді құнсыздану белгілеріне ие болған жағдайында құнсыздану мәніне талдау жүргізіледі. Пайдалы қызмет мерзімі шектеулі материалдық емес активтерге амортизация жүргізу мерзімі мен тәртібіне талдау кем дегенде жыл сайын әрбір есепті жылдың соңында жүргізіледі.

Нақтылы активтің күтілетін пайдалы қызмет мерзімінің өзгерістері немесе оны пайдаланудың күтілетін сипаттамасы және одан болашақта экономикалық пайда көру амортизация жүргізу мерзімін немесе тәртібін өзгерту арқылы (қалыптасқан жағдайға қарай) ескеріледі және есеп бағалымдарының өзгерістері ретінде пысықталады. Пайдалы қызмет мерзімі шектеулі материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдар кірістер жиынтығы туралы шоғырландырылған есептемеде материалдық емес активтің белгіленуіне сай шығыстар құрамында ашып көрсетіледі.

Запастар

Запастар мына екі шаманың төмен болуына қарай бағаланады: өзіндік құны бойынша немесе таза мүмкінді сатылым бағасы бойынша. Запастардың өзіндік құны ФИФО әдісі бойынша айқындалады (бірінші түсім – бірінші шығарылым).

Таза мүмкінді сатылым бағасы кәдуілгі қызмет барысында өндірістің аяқталуына жұмсалған есепті шығындарды және сатылымға жұмсалған есепті шығындарды шегергеннен қалған есепті сатылым бағасы ретінде айқындалады.

Сату үшін көзделген айналымнан тыс активтер

Топ айналымнан тыс активтер мен сату үшін көзделген шығарылуға тиіс топтарды, егер олардың теңгерімдік құны өтелуге жататын болса, нәтижесінде пайдаланылуын жалғастыру емес, сайып келгенде сату арқылы топтастырады. Сату үшін көзделіп топтастырылған айналымнан тыс активтер мен шығарылатын топтар сату шығындарын шегеру арқылы екі мәнің мейлінше төмен мәні – баланстық құны мен әділ құны бойынша бағаланады. Сату шығындары қосымша шығындар активтің тікелей шығарылуына (немесе топтың шығарылуына) жататын қосымша шығындар болып табылады және оған қаржыландыру бойынша шығындар мен табысқа салынатын салық бойынша шығыстар қосылмайды.

Сатылым үшін көзделген объектінің топтастыру критерийі сақталған болып, егер сатылым ықтималдығы жоғары, ал актив немесе шығарылатын топ өзінің ағымдағы жай-күйінде тез арада сатылуы мүмкін болған жағдайда ғана саналады. Сатылымды жүзеге асыру үшін қажетті іс-әрекет сатылым бойынша іс-әрекетте елеулі өзгерістердің болмашы ықтималдығын, сондай-ақ сатылымнан бас тартуды көрсетуге тиіс. Басшылық активті сату жөніндегі жоспарды іске асыру бойынша міндеттемені артады және сатылымның топтастыру күнінен бастап бір жыл ішінде оның аяқталуы күтіледі.

Сату үшін көзделген негізгі жабдықтар мен материалдық емес активтер топтастырылғаннан кейін оларға амортизация жүргізілмейді.

Сату үшін көзделіп топтастырылған активтер мен міндеттемелер қаржы жағдайы туралы есептемеде айналым/қысқа мерзімді баптар ретінде жеке беріледі.

Шығарылуға жататын топ тоқтатылған қызмет ретінде топтастыру критерийлерін, егер ол шығарылған ұйым компоненті болса не болмаса сату үшін көзделіп топтастырылған болса және:

- өзін жеке елеулі қызмет бағыты немесе операцияларды жүргізудің географиялық аумағы ретінде білдірсе;
- жеке елеулі қызмет бағытының бірыңғай үйлестірілген шығу жоспарының немесе операцияларды жүргізудің географиялық ауданы болып табылатын болса;
- кейінгі уақытта сату мақсатында ғана сатып алынған еншілес ұйым болса қанағаттандырады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Ақшалай қаражатпен төленген дивиденттер

Топ дивиденттерді төлеуге қатысты міндеттемелерді дивиденттерді бөлу бекітіліп, ол қалған уақытта Топпен қаралмайтын болса мойындайды. Дивиденттердің бөлінуі акционерлермен бекітіледі. Тиісінше сома тікелей меншікті капитал құрамында мойындалады.

Жалға алу

Шартты жасасу сәтінде Топ келісімнің қаншалықты жалға алу жағдайы не болмаса келісімге қаншалықты жалға алу белгілері тән болатындығын бағалайды. Басқа сөзбен айтқанда, Топ өтеуге алмастырған жағдайда шартта сәйкестендірілген активтің нақты мерзім ішінде пайдаланылуын бақылау құқығына ие болу жағдайының ашып көрсетілуін айқындайды.

Жалға алушы ретінде топ

Компания қысқа мерзімді жалға алуды және құны төмен активтерді жалға алуды қоспағанда барлық жалға алу шарттарын мойындау мен бағалаудың бірыңғай әдісін қолданады. Компания жалгерлік төлемдерді жүзеге асыруға қатысты жалға алу бойынша міндеттемелерді және негізгі активтерді қолдану құқығына ие болатын пайдалану құқығының нысанындағы активтерді мойындайды.

Жалға беруші ретінде топ

Топ алдында активті иеленумен байланысты туындайтын барлық тәуекел мен пайда бойынша жалға алу операциялық жалға алу ретінде топтастырылады. Туындайтын жалгерлік кірістер жалға алудың бүкіл мерзімі ішінде сызықтық әдіспен есепке алынады және операциялық сипатқа ие болуына байланысты жиынтық кірістер тураы есептемеде түсімге қосылады. Операциялық жалға алу шартын жасасқан кезде жұмсалатын бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына қосылады және жалға алудан түскен кірістер сияқты негізде жалға алу мерзімі ішінде мойындалады. Шартты түрдегі жалгерлік төлемақы түсім құрамында оның алынған кезеңі ішінде мойындалады.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Топ пайдалану құқығы нысанындағы активтерді жалға алу күнінен бастап (яғни негізгі активтің қолданылуына қолжетімді болған күніне) мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған шығындарды шегере отырып, жалға алу бойынша міндеттемелерді қайта бағалауына түзетулерді енгізу арқылы бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құнына жалға алу бойынша мойындалған міндеттемелер шамасы, бастапқы тікелей шығындар және жалға алудың бастапқы күніне немесе осы сияқты күнге дейін жалға алу бойынша алынған уәждемелі төлемдерді шегеру арқылы жалгерлік төлемдер қосылды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтерге сызықтық әдіспен амортизация мынадай неғұрлым қысқа кезеңдер бойы жүргізіледі: жалға алу мерзімі немесе активтерді пайдалы қолданудың болжамды мерзімі.

Жалға алу бойынша міндеттемелер

Топ жалға алудың бастапқы күніне жалға алу бойынша міндеттемелерді мойындайды, олар жалға алу мерзімі ішінде жүзеге асырылуы мүмкін жалгерлік төлемақы құны бойынша бағаланады. Жалгерлік төлемақыларға алынуы тиіс жалға алу бойынша кез келген уәждемелі төлемдерді шегеру арқылы тіркелген төлемдер (соның ішінде мәніне қарай тіркелген төлемдер), тарату құнының кепілдіктері бойынша төленуге тиіс күтілетін индекске немесе мөлшерлемеге және сомасына байланысты болатын ауыспалы жалгерлік төлемдер қосылды. Сондай-ақ, жалгерлік төлемақыларға сатып алуға белгіленген опционды орындау бағасы, егер Топтың осы опционды орындауына жеткілікті сенімділік болса және егер, жалға алу мерзімі Опцион тобының жалға алуды тоқтатуға әлеуетті атқаруын ашып көрсететін болса, айыппұл төлемдері қосылады. Индекске немесе мөлшерлемеге байланысты болмайтын ауыспалы жалгерлік төлемдер осы сияқты төлемдерді жүзеге асыруға әкеліп соқтыратын оқиғаның немесе жағдайдың (қорды өндіріп шығаруға жұмсалған жағдайларды қоспағанда) басталған кезеңі ішінде шығыстар ретінде мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер (жалғасы)

Жалға алу бойынша міндеттемелер (жалғасы)

Қарауға ұсынылған жалгерлік төлемдерді есептеу үшін Топ жалға алудың бастапқы күніне қосымша займ қаражатын тарту мөлшерлемесін қолданады, өйткені жалға алу шартында көрсетілген пайыздық мөлшерлеме оңай жолмен айқындалмайды. Жалға алудың бастапқы күнінен кейін жалға алу бойынша міндеттемелердің шамасы пайыз өсімін ашып көрсету үшін ұлғаяды және жүзеге асырылған жалгерлік төлемдерді ашып көрсету үшін төмендейтін болады. Бұдан басқа Топ модификация, жалға алу мерзімінің өзгерістері, жалгерлік төлемдердің өзгерістері немесе негізгі активті сатып алуға арналған опцион бағасының өзгерістері жағдайында (мәселен, болашақта төлемдердің өзгеруі, ол осы сияқты төлемдерді айқындау үшін қолданылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгерістеріне байланысты болады) жалға алу бойынша міндеттемелердің баланстық құнын қайта бағалайтын болады.

Қысқа мерзімді жалға алу және құны төмен активтерді жалға алу

Топ техника мен жабдықты жалға алудың қысқа мерзімді шарттарына қысқа мерзімді жалға алуға қатысты мойындаудан босату жағдайын қолданады (яғни жалға алудың бастапқы күніне жалға алу мерзімі 12 айдан жоғары болмайтын және негізгі активті сатып алуға арналған опционды қамтымайтын шарттарға). Сондай-ақ, Топ құны төмен активтерді жалға алуға қатысты мойындаудан босату жағдайын қолданады. Қысқа мерзімді жалға алу және құны төмен активтерді жалға алу бойынша төлемдер жалға алу мерзімі ішінде сызықтық әдіспен болған шығыстар ретінде мойындалады.

Жалға беруші ретінде компания

Топ алдында активті иеленумен байланысты туындайтын барлық тәуекел мен пайда бойынша жалға алу операциялық жалға алу ретінде топтастырылады. Туындайтын жалгерлік кірістер жалға алудың бүкіл мерзімі ішінде сызықтық әдіспен есепке алынады және операциялық сипатқа ие болуына байланысты жиынтық кірістер тураы есептемеде түсімге қосылады. Операциялық жалға алу шартын жасасқан кезде жұмсалатын бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына қосылады және жалға алудан түскен кірістер секілді негізде жалға алу мерзімі ішінде мойындалады. Шартты түрдегі жалгерлік төлемақы түсім құрамында оның алынған кезеңі ішінде мойындалады.

Салық

Табысқа салынатын ағымдағы салық

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер бойынша табысқа салынатын ағымдағы салық бойынша активтер мен міндеттемелер өтелуге немесе салық органдарына төленуге тиіс күтілетін сома бойынша бағаланады. Сомаларды есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемесі және салық заңнамасы - бұл есепті күнге қолданысқа енгізілген немесе нақты заңдастырылған салық мөлшерлемесі және салық заңнамасы.

Тікелей капиталда мойындалып, баптарға жататын ағымдағы табыс салығы кірістер жинағынан бұрын капитал құрамында мойындалады. Басшылық осыларға қатысты тиісінше салық заңнамасының интерпретациясы әртүрлі болуы мүмкін салық декларацияларында ашып көрсетілген айқындамаларды мерзімді бағалауды жүзеге асырады және қажеттігіне қарай бағалау міндеттемелерін қалыптастырады.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық есепті күнге қаржы есептілігінің мақсаттары үшін активтердің салық негізі және міндеттемелер мен олардың баланстық құны арасында уақыттық айырмашылықтарды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Салықтар (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері барлық салық салынатын уақыттық айырмашылықтар бойынша мына жағдайлардан басқа мойындалады:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнесті біріктіру болып табылмайтын операцияны жүргізу барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқы мойындау нәтижесінде туындайды және операцияны жүзеге асыру барысында бухгалтерлік табысқа не салық салынатын табысқа немесе шығындарға әсерін тигізбейді;
- еншілес ұйымдарға, қауымдас ұйымдарға тартылған инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үлесімен байланысты салық салынатын уақыттық айырмашылықтарға қатысты, егер уақыттық айырмашылықтарды қалпына келтіру мерзімін бақылау мүмкін болса және уақыттық айырмашылықтың болашақта қалпына келтірілмеуіне елеулі ықтимал болса.

Кейінге қалдырылған салық активтері пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындарының болашақ кезеңдеріне кейінге қалдырылған барлық шегерілетін уақыттық айырмашылықтар бойынша осыған қатысты пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындарының болашақ кезеңдеріне кейінге қалдырылған шегерілетін уақыттық айырмашылықтар есепке алынуы мүмкін салық салынатын табыстың болуы ықтимал шамада мына жағдайлардан басқа мойындалады:

- шегерілетін уақыттық айырмашылыққа жататын кейінге қалдырылған салық активі бинестерді біріктіру салдарынан туындамаған активті немесе міндеттемені бастапқы мойындау нәтижесінде туындаған және операцияны жүзеге асыру барысында бухгалтерлік не табысқа не салық салынатын табысқа немесе шығындарға әсерін тигізбесе;
- еншілес ұйымдарға, қауымдас ұйымдарға тартылған инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үлесімен байланысты шегерілетін уақыттық айырмашылықтарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақыттық айырмашылықтарды болашақта қалпына келтіру және осыған қатысты уақыттық айырмашылықтар есепке алынуы мүмкін салық салынатын табыстың туындау ықтималдығы.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің теңгерімдік құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және барлық кейінге қалдырылған салық активтерін немесе оның ішінара бөлігін пайдалану мүмкіндігін беретін салық салынатын табысқа жеткілікті ие болу ықтимал болмайтын, күмәнді деп бағаланатын шамада төмендейді. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және болашақ салық салынатын табыс кейінге қалдырылған активтерді өтеу мүмкіндігі ықтимал шамада мойындалады. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері әрекет үстіндегі немесе есепті күнге қабылданған салық мөлшерлемесіне (және салық заңнамасына) қарай активті сатып өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде күтілетін мөлшерлемелер бойынша бағаланады. Сондай-ақ, табыс немесе шығындар құрамында мойындалмаған баптарға жататын кейінге қалдырылған салық табысы немесе шығындар құрамында мойындалмайды. Кейінге қалдырылған салық баптары осылардың негізін құрайтын операцияларға сәйкес не болмаса ЖСҚ құрамында не болмаса тікелей меншікті капиталда мойындалады.

Бизнестерді біріктіру шеңберінде ие болған, бірақ осы күнге жеке мойындау үшін критерийлерді қанағаттандырмайтын салық пайдасы кейінгі уақытта фактілер мен жағдаяттардың өзгерістері туралы ақпарат болған жағдайда мойындалады. Түзетулер гудвилдің төмендеуі ретінде ашып көрсетіледі (егер оның шамасы гудвил мөлшерінен аспайтын болса), егер ол бағалау кезеңі ішінде жүзеге асырылған болса, өзге жағдайларда ол табыс немесе шығындар құрамында мойындалады.

Топ кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін өзара есепке алуды тек қана егер, ағымдағы салық активтерін ағымдағы салық міндеттемелеріне қатысты есепке алуға заңды қорғалған құқығы болған жағдайда ғана жүргізеді және кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері осы бір салық органымен жүргізілетін операцияларға салық салынатын осы бір ұйымнан не болмаса жүргізілетін операцияларға салық салынатын не болмаса ағымдағы салық міндеттемелері мен активтері бойынша есеп айырысуды нетто-негізде жүргізуге не болмаса осы активтерді сатып өткізуге және осы міндеттемелерді кейінге

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Салықтар (жалғасы)

қалдырылған салық міндеттемелерінің елеулі сомаларын өтеу немесе орнын толтыру күтілетін әрбір болашақ кезеңде бір уақытта өтеуге ниет білдірген бірнеше ұйымдардан ұстап қалынатын табысқа салынатын салықтар болып саналады.

Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Сатылымдарға қатысты ҚҚС сатып алушыларға тауар жеткізілімін жүргізген немесе қызметтерді ұсынған кезде төленеді. Әдетте төленген ҚҚС фактура-шотын алғаннан кейін алынған ҚҚС есебінен өтеледі. Салық органдары сатып өткізу және сатып алулар бойынша ҚҚС есепке алуды нетто-негізде жүргізуге рұқсат етеді. Сату мен сатып алуға қатысты ҚҚС қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептемеде нетто-негізде мойындалады.

Қаржы емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің мүмкінді құнсыздануының белгілеріне ие болуын айқындайды. Осы сияқты белгілер болған жағдайда немесе егер, активтің құнсыздануына жыл сайын тест өткізу талабы қойылса Топ өтелуге тиіс актив сомасына баға береді. Ақшалай қаражатты тудыратын активтің немесе бірліктің өтелуге тиіс сомасы – бұл мына неғұрлым шамалардың бірі: шығарылу шығындарын шегергеннен қалған активтің әділ құны (ақшалай қаражатты тудыратын бірліктер) немесе активті пайдалану құндылығы (ақшалай қаражатты тудыратын бірліктер). Өтелуге тиіс сома сайып келгенде басқадай активтер немесе активтер тобы ақшалай қаражатты тудыратын ағындарға тәуелді болмайтын жағдайларды қоспағанда актив үшін жеке айқындалады. Егер ақшалай қаражатты тудыратын активтің немесе бірліктің теңгерімдік құны оның өтелуге тиіс сомасынан жоғары болса, актив құнсыз болып саналады және өтелетін сомаға дейін есептен шығарылады.

Пайдалану құндылығын бағалау кезінде есепті болашақ ақшалай ағындар салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша берілген құнға дейін дисконтталады, бұл активке тән ақша мен тәуекелдің уақыттық құнының ағымдағы нарықтық бағалымын ашып көрсетеді. Шығарылуы бойынша шығындарды шегере отырып, әділ құнды айқындау кезінде жақын арада болған нарық операциялары ескеріледі. Осы есептеулер баға беру коэффициенттерімен, акциялар нарығында еркін айналымдағы бағаларға енгізілген түзетулермен немесе әділ құнының өзге қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ құнсыздану сомасын өзекті жоспарлар мен болжамды есептеулерге қарай айқындайды, олар ақшалай қаражатты тудыратын жеке активтер болып табылатын әрбір бірлік үшін жеке әзірленеді. Сайып келгенде осы жоспарлар мен болжамды есептеулер бес жылға түзіп жасалады. Болжамды болашақ ақшалай ағындарға қатысты ұзақ мерзімді өсім қарқындылығы бес жылдан кейін есептеліп, қолданылатын болады.

Жалғасы үстіндегі қызмет бойынша құнсызданудан болған шығындар осыларға қатысты қайта бағалау ЖСҚ құрамында мойындалған бұдан бұрын қайта бағаланған жылжымайтын мүлік объектілерін қоспағанда, жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған есептемеде құнсызданған актив мақсатына сәйкес келетін шығыстар санаты құрамында мойындалады. Осы сияқты объектілер жағдайында құнсызданудан болған шығындар ЖСҚ құрамында бұдан бұрын өткізілген қайта бағалау сомасы шегінде мойындалады.

Топ әрбір есепті күнге гудвилді қоспағанда, активтің құнсыздануынан бұдан бұрын мойындалған шығындардың қалған уақытта болмауына немесе олардың қысқаруына тән белгілердің болуын айқындайды. Егер осы сияқты белгілердің болған жағдайы анықталса, Топ активтің өтелуге тиіс сомасын немесе ақшалай қаражатты тудыратын бірлікті есептейді. Бұдан бұрын мойындалған құнсызданудан болған шығындар, егер құнсызданудан болған шығындарды мойындаудың соңғы уақытынан бастап құнсызданудан болған өтелуге тиіс актив сомасын айқындау үшін болжамдарда өзгерістің болуы орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелуге тиіс сомасынан аспайтындай, сондай-ақ, егер алдыңғы жылдарда құнсызданудан болған шығындар мойындалмай амортизацияны шегергенде осы бойынша актив мойындалған жағдайда баланстық құнынан аспайтындай тәртіппен шектеледі. Осы сияқты құнын қалпына келтіру активтің қайта бағаланған құны бойынша есепке алыну жағдайларын қоспағанда, кірістер жинағы туралы шоғырландырылған есептемеде мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Тиімді пайдалану мерзімі айқындалмаған материалдық емес активтердің құнсыздануына тест ақшалай қаражатты тудыратын бірлік деңгейінде, сондай-ақ егер, қалыптасқан жағдаяттар олардың баланстық құны құнсыздануы мүмкін болатындығын көрсетсе, қазанның 31-і күнгі жағдайына жыл сайын жүргізіледі.

Қаржы активтері

Бастапқы мойындау және бағалау

Қаржы активтері оларды бастапқы мойындау кезінде кейінгі уақытта амортизация құны бойынша, ЖСҚ арқылы әділ құны бойынша және табыс немесе шығындар арқылы әділ құны бойынша баға беру ретінде топтастырылады.

Бастапқы мойындау кезінде қаржы активтерін топтастыру қаржы активі және осы активтерді басқару үшін Топ қолданатын бизнес-үлгі бойынша ақша ағындарының шартымен көзделген сипаттамаларға байланысты болады. Қаржыландырудың елеулі компоненті қамтылмаған немесе осыған қатысты Топ практикалық сипатында ықшамдылықты қолданған дебиторлық сауда берешегін қоспағанда, Топ қаржы активтерінің бастапқы бағалауын мәміле бойынша шығындар сомасына табыс немесе шығындар арқылы ұлғайтылған әділ құны бойынша жүргізеді. Қаржыландырудың елеулі компоненті қамтылмаған немесе осыған қатысты Топ практикалық сипатында ықшамдылықты қолданған дебиторлық сауда берешегі ХҚЕС 15 (IFRS) сәйкес айқындалған мәміле бағасы бойынша бағаланады.

Қаржы активін амортизация құны бойынша немесе ЖСҚ арқылы әділ құны бойынша топтастыру және бағалау мүмкіндігіне ие болу үшін осы активтің шарттық талаптары негізгі берешек сомасының өтелмеген бөлігіне қатысты «тек қана негізі берешек сомасы мен проценттері есебінен жүргізілетін төлемдер» болып табылатын ақша ағындарының болуы талабын қояды. SPPI-тест арқылы жүргізілген осы сияқты бағалым әрбір құрал деңгейінде жүзеге асырылады.

Топтың қаржы активтерін басқару үшін қолданатын бизнес-үлгісі Топтың ақша ағындарын тудыру мақсатында өз қаржы активтерін басқару әдісін сипаттайды. Бизнес-үлгі ақша ағындары шартпен көзделген ақша ағындарына ие болу, қаржы активтерін сату немесе осы және басқасы салдарынан болған-болмағанын айқындайды.

Активтердің жеткізілімін заңнамамен немесе нақтылы нарықта («стандартты талаптармен» жүргізілетін сауда-саттық) қабылданған қағидаларға сәйкес белгіленетін мерзімде жүргізу талабын қоятын қаржы активтерін сатып алудың немесе сатудың барлық операциялары мәміле жасасқан күніне, яғни Топтың активті сатып алу немесе сату міндеттемесін алған күніне мойындалады.

Топтың қаржы активтеріне ақшалай қаражат пен оның эквиваленті, пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражат, қысқа мерзімді банктік салымдар, сауда және өзге дебиторлық берешек қосылды.

Кейінгі бағалау

Кейінгі бағалау үшін қаржы активтері мына төрт санатқа топтастырылады:

- амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (берешек құралдары);
- жинақталған табыс пен шығындарды (берешек құралдар) кейінгі уақытта қайта топтастыру арқылы ЖСҚ арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері;
- ұйымның қалауынша жинақталған табыс пен шығындарды оларды мойындау (берешек құралдары) тоқтатылған кезде кейінгі уақытта қайта топтастырмай ЖСҚ арқылы әділ құны бойынша бағалау ретінде топтастырылған қаржы активтері;
- әділ құны бойынша табыс немесе шығындар арқылы бағаланатын қаржы активтері.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санаты Топ үшін неғұрлым орынды болып табылады, Топтың тиісінше барлық ағымдағы қаржы активтеріне қатысты қолданылады.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (берешек құралдары)

Осы санат Компания үшін неғұрлым орынды болып табылады. Компания амортизациялық құны бойынша қаржы активтерін, егер мына екі талап орындалатын болса бағалайды:

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

- қаржы активі бизнес-үлгі шеңберінде ұстап қалынады, оның мақсаты шартпен көзделген ақша ағындарына ие болу үшін қаржы активтерін ұстап қалу болып табылады;
- қаржы активінің шарттық талаптары негізгі берешек сомасы мен негізгі берешек сомасының өтелмеген ішінара бөлігіне есептелген проценттер есебінен айрықша төлемдер болып табылатын ақша ағындарына белгіленген мерзімде ие болу талабын қояды.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейінгі уақытта тиімді проценттік мөлшерлеме әдісін қолдана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Табыс немесе шығындар активті, оның модификациясын немесе құнсыздануын мойындау тоқтатылған жағдайда табыс немесе шығындар құрамында мойындалады.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Компания дебиторлық сауда берешегін жатқызады.

Сауда және өзге дебиторлық берешек

Сауда және өзге дебиторлық берешек белгіленген немесе айқындалатын төлемдерді қоса алғанда бейтуынды қаржы активтерін білдіреді, олар активтік нарықта аса бағаланбайды. Осы секілді активтер бастапқы мойындалғаннан кейін тиімді проценттік мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы айқындалатын амортизациялық құны бойынша бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Амортизациялық құны сатып алу кезінде дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді проценттік мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық мөлшерлемені немесе шығындарды есепке ала отырып есептеледі. Тиімді проценттік мөлшерлемені қолдану негізінде амортизация жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған есептемеде қаржы кірістерінің құрамына енгізіледі. Құнсыздану талабы қойылатын шығыстар жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған есептемеде жалпы және әкімшілік шығыстар құрамында мойындалады.

Мойындауды тоқтату

Қаржы активі (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің ішінара бөлігі немесе осыған ұқсас қаржы активтері тобының ішінара бөлігі) қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған қаржы есептемесінде тоқтатылады, егер:

- активтен түскен ақша ағындарына ие болу құқығының әрекет ету мерзімі аяқталған; не болмаса
- Топ активтен түскен ақша ағындарына ие болу құқығын басқа біреуге берген не болмаса түскен ақша ағындарын үшінші тарапқа толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша едәуір кідіріссіз төлеу бойынша міндеттемені артқан; және не болмаса (а) Топ активтен туындайтын барлық тәуекел мен пайданы табыс еткен, не болмаса (б) Топ табыс етпеген, бірақ активтен туындайтын барлық тәуекел мен пайданы артпайды, бірақ осы активті бақылауды табыс еткен болса.

Егер Топ активтен түсетін ақша ағындарына ие болудың барлық құқықтарын табыс еткен не болмаса транзиттік келісім жасасқан және осы ретте активтен туындайтын барлық тәуекел мен пайданы табыс етпеген, бірақ осы бойынша міндеттемелерді артпаған, сондай-ақ активті бақылауды басқа біреуге бермеген болса, жаңа актив Топтың табысталған активке қатысуын жалғастырған деңгейде мойындалады. Бұл жағдайда Топ тиісінше міндеттемені мойындайтын болады. Табысталған актив және тиісінше міндеттеме Топ атында сақталатын құқықтар мен міндеттемелерді ашып көрсетеді.

Табысталған актив бойынша оған кепілді нысан түрінде жалғасқан қатысу мына шамалардың мейлінше төмен болуына қарай мойындалады: активтің бастапқы баланстық құны немесе Топтан талап етілуі мүмкін ең жоғары сома төлемі.

Дебиторлық сауда берешегі және Шарт бойынша активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындардың бағалым қоры.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Топ әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық берешек құралдарына қатысты күтілетін кредиттік шығындардың (ККШ) бағалым қорын табыс немесе шығындар арқылы мойындайды. ККШ шартқа сәйкес тиісті болатын ақша ағындары және бастапқы тиімді проценттік мөлшерлерлемені немесе оған шамалас мәнді қолдана отырып дисконтталған Топтың ие болуы күтілетін барлық ақша ағындары арасындағы айырмашылық негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұстап қалынған қамтамасыздықты сатудан немесе шарт талаптарының ажырамас бөлігі болып табылатын кредиттік сапаны арттырудың басқадай тетіктерінен болған ақша ағындары қосылды.

ККШ екі кезеңмен мойындалады. Бастапқы мойындалған сәтінен бастап кредиттік тәуекел елеулі ұлғаймаған қаржы құралдары жағдайында кредиттік шығындарға қатысты бағалау қоры құрылады, ол кезекті 12 ай ішінде (күтілетін 12 айлық кредиттік шығындар) дефолт салдарынан туындауы мүмкін. Бастапқы мойындалған сәтінен бастап кредиттік тәуекел елеулі ұлғайған қаржы құралдары үшін дефолттың басталған мерзіміне қарамастан осы қаржы құралының қалған әрекет ету мерзімі ішінде күтілетін кредиттік шығындарға қатысты бағалау қоры құрылады (бүкіл мерзімі ішінде күтілетін кредиттік шығындар).

Шарт бойынша сауда және өзге дебиторлық берешек пен активтерге қатысты Топ ККШ есептеу кезінде жеңілдетілген әдісті қолданады. Осылайша Топ кредиттік тәуекел өзгерістерін елемейді, оның орнына ол әрбір есепті күнге шығындар үшін көзделген бағалау қорын бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға теңдес сомада мойындайды. Топ займ алушылар және жалпы экономикалық жағдайлар үшін ерекше болатын болжамды факторларға тиісті түзетулер енгізілген кредиттік шығындардың туындауында өзінің бұрынғы тәжірибесіне сүйене отырып, бағалау қорларының матрицасын қолданды.

Ақшалай қаражат және қысқа мерзімді депозиттер

Қаржы жағдайы туралы есептемеде ақшалай қаражат және қысқа мерзімді депозиттер ретінде банктер мен кассалардағы ақшалай қаражат және белгіленген ақшалай қаражат сомасына жеңілдікпен конвертациясы жүргізілетін және құн өзгерісіне ұшырау тәуекелі болмашы өтеу мерзімі 3 ай немесе одан төмен қысқа мерзімді жоғары өтімді депозиттер көрсетілді.

Ақшалай қаражат қозғалысы туралы шоғырландырылған есептеме мақсаттары үшін ақшалай қаражат пен оның эквиваленттерін жоғарыда көрсетілген анықтауға сәйкес өтелмеген банктік овердрафтарды шегергеннен қалған ақшалай қаражат және қысқа мерзімді депозиттер құрайды, өйткені олар Топтың ақшалай қаражатты басқару бойынша қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Пайдаланылуы шектелген қалдықтар есепті күннен кейінгі 12 (он екі) ай ішінде айналымнан тыс активтер құрамында жеке бап арқылы бөліп көрсетіледі.

Қаржы міндеттемелері

Бастапқы мойындау және бағалау

ХҚЕС 9 (IFRS) әрекет ету саласында болған қаржы міндеттемелері тиісінше қаржы міндеттемелері болып тиімді хеджерлеу кезінде хеджерлеу құралдары ретінде айқындалған әділ құны бойынша табыс немесе шығындар, кредит пен займдар, кредиторлық берешек немесе туынды құралдар арқылы бағаланады. Топ өз қаржы міндеттемелерін олардың бастапқы мойындалған жағдайында топтастырады.

Барлық қаржы міндеттемелері мәміле бойынша оған тікелей қатысы бар шығындарды шегере отырып (кредит, займ және кредиторлық берешек жағдайында) әділ құны бойынша мойындалады.

Топтың қаржы міндеттемелерін сауда және өзге кредиторлық берешек, алынған займдар, қаржы арқылы жалға алу бойынша міндеттемелер және қаржы кепілдігі бойынша міндеттеме құрайды.

Қаржы міндеттемелерін кейінгі бағалау олардың топтастырылуына қарай былайша тәртіппен жүргізіледі:

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы міндеттемелері (жалғасы)

Кейінгі бағалау

Қаржы міндеттемелерін кейінгі бағалау олардың топтастырылуына қарай былайша тәртіппен жүргізіледі:

Әділ құны бойынша табыс немесе шығындар арқылы қайта бағаланатын қаржы міндеттемелері

«Әділ құны бойынша табыс немесе шығындар арқылы қайта бағаланатын қаржы міндеттемелері» санатына сауда-саттық үшін көзделген қаржы міндеттемелері және әділ құны бойынша табыс немесе шығындар арқылы қайта бағалану ретінде бастапқы мойындау кезінде айқындалған қаржы міндеттемелері қосылды.

Сауда-саттық үшін көзделген міндеттемелер бойынша табыс немесе шығындар жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған есептемеде мойындалды.

Бастапқы мойындау кезінде әділ құны бойынша табыс немесе шығындар арқылы қайта бағалану ретінде айқындалған қаржы міндеттемелері бастапқы мойындау күніне қарай және ХҚЕС (IFRS) 9 критерийлері айрықша сақталған жағдайда ғана осы санатқа жатады. Топ әділ құны бойынша табыс немесе шығындар арқылы бағалау ретінде өз қалауынша топтастырылған қаржы міндеттемелерін артпайды.

Кредиттер және займдар

Бастапқы мойындалғаннан кейін проценттік кредиттер мен займдар тиімді проценттік мөлшерлеме әдісін қолдана отырып амортизациялық құны бойынша бағаланады. Осы сияқты қаржы міндеттемелері бойынша табыс пен шығындар оларды мойындау тоқтатылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді проценттік мөлшерлемені қолдану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай кірістер жиынтығы туралы шоғырландырылған есептемеде мойындалады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді проценттік мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық проценттерді немесе шығындарды есепке ала отырып есептеледі. Тиімді проценттік мөлшерлеменің амортизациясы кірістер жиынтығы туралы шоғырландырылған есептемеде қаржы шығыстары құрамына енгізіледі.

Қаржы кепілдігінің шарттары

Топ шығарған қаржы кепілдігінің шарттары осы шарт иесінің нақтылы борышкердің берешек құралының талаптарына сәйкес уақтылы төлем жүргізуге жарамсыз болуы салдарынан шығындарын өтеу үшін төлемді жүзеге асыру талабын қоятын шарттарды білдіреді. Қаржы кепілдігінің шарттары бастапқыда тікелей кепілдікті шығаруға жататын мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып әділ құны бойынша міндеттеме ретінде танылады.

Кейінгі уақытта міндеттеме мына неғұрлым жоғары шама бойынша бағаланады: есепті күнге қалыптасқан міндеттемелерді өтеу үшін қажетті шығындардың неғұрлым үздік бағасы және жинақталған амортизациясын шегере отырып мойындалған міндеттеме сомасы.

Мойындауды тоқтату

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептемеде қаржы міндеттемесін мойындау, егер міндеттеме өтелген, жойылған немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады.

Егер қалыптасқан қаржы міндеттемесі едәуір өзгеше талаптармен осы кредитор алдында басқадай міндеттемеге алмастырылған немесе, егер қалыптасқан міндеттеме талаптары едәуір өзгерген болса, осы сияқты алмастыру немесе өзгеру жағдайы бастапқы міндеттемені мойындауды тоқтату және жаңа міндеттемені мойындау ретінде есепке алынады, ал олардың теңгерімдік құнындағы айырмашылық кірістер жиынтығы туралы шоғырландырылған есептемеде мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептемеде тек қана таза сальдоны ашып көрсету арқылы қаржы активтері мен міндеттемелерін өзара есепке алу мына жағдайларда жүзеге асырылады, егер:

- өзара есепке алуды жүргізуге заңды құқығы болса; және
- таза сома негізінде өтеу не болмаса міндеттемені бір уақытта реттеу арқылы активті сатып өткізуге ниет білдірген болса.

Қаржы құралдарының әділ құны

Сауда-саттығы әрбір есепті күнге активтік нарықтарда жүзеге асырылатын қаржы құралдарының әділ құны нарық түзетулеріне немесе дилерлердің түзетулеріне қарай мәміле бойынша шығындарды шегермей айқындалады (ұзақ айқындамалар үшін сату түзетулері және қысқаша айқындамалар үшін сатылым түзетулері).

Сауда-саттығы активтік нарықтарда жүзеге асырылмайтын қаржы құралдары үшін әділ құны тиісінше бағалау әдістерін қолдану жолымен айқындалады. Осы сияқты әдістемелерді жақын арада коммерциялық негізде жүргізілген мәмілелер бағасын қолдану, осыған ұқсас құралдардың ағымдағы әділ құнын қолдану; дисконтталған ақша ағындарының талдамасы не болмаса бағалаудың басқадай үлгілері құрайды.

Қаржы есептілігінде әділ құны бойынша бағаланатын немесе қаржы есептілігінде әділ құны ашып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер әділ құнын тұтастай бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі түпкілікті деректер негізінде әділ құнының төменде көрсетілген иерархиясы шеңберінде топтастырылады:

- 1-деңгей – бірегей активтер немесе міндеттемелер үшін баға түзетулері (түзетулер енгізуге келмейтін);
- 2- деңгей – бағалау үлгілері, мұнда неғұрлым төмен деңгейдегі иерархияға жататын әділ құнын бағалау үшін елеулі түпкілікті деректер нарықта тікелей немесе жанама қадағаланып отырады;
- 3-деңгей - бағалау үлгілері, мұнда әділ құнын бағалау үшін елеулі түпкілікті деректер нарықта тікелей немесе жанама қадағаланып отырмайды.

Қаржы есептілігінде қайталанып отыратын негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Топ әрбір есепті кезеңнің соңына қарай топтастыру жағдайын қайтара талдай отырып, олардың иерархия деңгейлерінің арасында алмастырылу қажеттігін айқындайды (әділ құнын тұтастай бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдің түпкілікті деректері негізінде).

Қорлар

Қорлар, егер Топ өткен оқиға нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемені артқан, осы міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайданың жылыстауы ықтимал болған және осы сияқты міндеттеме сомасының сенімді бағалымы алынған жағдайда мойындалады. Егер, Топ қорлардың ішінара бөлігін немесе бүкіл қорларды өтеуді жорамалдаған болса, мәселен сақтандыру шарты бойынша өтемін жүргізу жеке актив ретінде мойындалатын болса, бірақ өтемін жүргізу күмән тудырмайтын жағдайда.

Егер уақыттық ақша құнының әсері елеулі болса, қорлар ағымдағы мөлшерлеме бойынша салық салынғанға дейін дисконтталады, ол осы қолдануға келетіндей нақтылы міндеттемеге тән тәуекелді ашып көрсетеді.

Егер дисконттау жағдайы қолданылатын болса, уақыт өтісімен қорлардың ұлғаюы қаржы шығыстары ретінде мойындалады.

Кірістер мен шығыстарды мойындау

Сатып алушылармен жасасқан шарттар бойынша түсім

Топ қызметі жүктерді тасымалдаумен, сервистік флот қызметтерін ұсынумен, сондай-ақ тасымалдауды басқару бойынша қызметтермен байланысты болады. Сатып алушылармен жасасқан шарттар бойынша түсім Компанияның экономикалық пайданы алуы ықтимал болған және кірістер сомасы

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

төлемнің жүзеге асырылған уақытына қарамастан дәйекті бағаланған деңгейде мойындалады. Түсім шартта айқындалған төлем талаптарын есепке ала отырып салық пен баждарды шегеру арқылы алынған немесе алынуы тиіс сыйақының әділ құны бойынша бағаланады. Топ түсімнің алынуына жасасқан шарттарды нақтылы критерийлерге сәйкес олардың принципіал немесе агент ретінде болу жағдайын айқындау мақсатында талдайды. Топ оның осы сияқты шарттар бойынша принципіал болып отырғанын топшылады.

Топ жүктерді тасымалдау, сервистік флот қызметтерін және тасымалдауды басқару бойынша қызметтерді ұсынады, олар не жеке ұсынылады не кешенді шартқа енгізіледі. Топ осы қызметтерге қатысты түсімді шарт бойынша ұсынылатын қызметтердің жалпы көлемінде нақты ұсынылған қызметтердің барабар үлесімен бағаланатын нақтылы операцияның аяқталу деңгейіне қарай мойындайды, өткені сатып алушы Топ ұсынған пайдаға бір уақытта ие болып оны тұтынады.

Топ шикі мұнайды және басқадай тауарларды тасымалдау бойынша ұсынылған қызметтерден түскен түсімді мәміле бойынша барлық тараптармен қабылданып, өзара келісілген жүк көлеміне және Топ пен кемемен жалданушылар арасында белгіленіп, бекітілген тарифтерге қарай тасымалдау бойынша қызметтердің орындалу фактісі бойынша мойындайды.

Сатып алушылармен жасасқан шарттарда жалға алу элементі

Топ бір немесе бірнеше өзара байланысты операцияларға келісім жасасуы мүмкін, ол заңды нысанда жалға алу шарт болып табылмайды, бірақ активті төлемге немесе бірқатар төлемдерге алмастыру арқылы пайдалану құқығын береді. Топ осы сияқты активті пайдалану құқығын басқадай ұйымға ілеспе қызметтермен қоса беруі мүмкін.

Топ жалға алу элементіне жататын және келісімнің басқадай элементтеріне жататын төлемдерді барлық элементтердің сыластырмалы әділ құнына қарай бөліп көрсетеді.

Қаржыландырудың елеулі компоненті

Сайып келгенде Топ сатып алушылардан қысқа мерзімді аванстық төлемдерді алады. ХҚЕС (IFRS) 15 көзделген практикалық жеңілдету жағдайын қоллану нәтижесінде, егер шартты жасасу сәтінде Топ уәделескен тауарды немесе қызметтерді сатып алушыға беру және сатып алушының осы сияқты тауардың немесе қызметтердің төлемақысын жүргізу арасындағы кезең бір жылдан аспайтын уақытты құрайтын болса, ол қаржыландырудың елеулі компонентінің әсерін ескере отырып уәделескен өтем сомасына түзетулерді енгізбейді.

Дебиторлық сауда берешегі

Дебиторлық сауда берешегі Топқа өтеу құқығын береді, ол сөзсіз болып табылады (яғни осы сияқты өтемді төлеу сәтінің басталуы, белгіленген уақытына қарай).

Шарт бойынша активтер

Шарт бойынша актив ұйымның сатып алушыға тауардың немесе қызметтердің орнына берілген өтемді алу құқығы болып табылады. Егер Топ сатып алушыға тауарларды немесе қызметтерді сатып алушы өтем төлемін жүргізбестен бұрын немесе өтем жүргізілуге тиіс сәтінен бұрын берген жағдайда, шартты болып табылатын алынған өтемге қатысты шарт бойынша актив мойындалатын болады.

Шарт бойынша міндеттемелер

Шарт бойынша міндеттеме – бұл сатып алушыдан осылардың өтемін (не болмаса осы үшін төленуге тиіс өтем) алған Топтың тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға беру міндеті болып табылады. Егер сатып алушы өтемді Топтың тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға бергеннен бұрын жүргізген жағдайда, шарт бойынша міндеттеме төлемнің жүзеге асырылған сәтінде немесе төлемнің жүргізілуге тиіс сәтінде мойындаланы (қайсы-бірі бұрын болғанына қарай). Шарт бойынша міндеттеме түсім ретінде Топтың шарт бойынша міндеттемелерін орындаған жағдайында мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Кірістер мен шығыстарды мойындау

Шығыстар

Шығыстар тиісінше тауарлардың немесе қызметтердің төлемақысы жүргізілгеніне қарамастан нақты алынған сәтінде есепке алынады және шоғырландырылған қаржы есептілігінде өз кезеңіне қарай ашып көрсетіледі.

Займдар бойынша шығындар

Топтың ниетіне сәйкес пайдалану немесе сату үшін оның әзірлігін жүргізуге ұзақ уақытты талап ететін активті тікелей сатып алуға, оның құрылысын салуға немесе өндіріп шығаруға жататын займ алу бойынша шығындар осы сияқты активтің бастапқы құнының ішінара бөлігі ретінде капиталдандырылады. Займ алу бойынша барлық өзге шығындар жұмсалған кезеңіне қарай шығыстарға жатады. Займ алу бойынша шығындарға проценттер төлемі және займ қаражатына байланысты ұйыммен жұмсалған өзге шығындар қосылды.

Активтер мен міндеттемелерді айналымға/қысқа мерзімге және айналымнан тыс/ұзақ мерзімге топтастыру

Топ қаржы жағдайы туралы есептемеде активтер мен міндеттемелерді оларды айналымға/қысқа мерзімге және айналымнан тыс/ұзақ мерзімге топтастыру негізінде топтастырады.

Актив айналымды болып табылады, егер:

- оны сатып өткізу жорамалданса немесе ол кәдуілгі операциялық цикл шеңберінде сату немесе тұтыну үшін көзделген болса;
- ол ең алдымен сауда-саттық мақсаттары үшін ұстап қалынса;
- оны есепті кезең аяқталысымен он екі ай ішінде сатып өткізу жорамалданған болса; және
- оны басқасына алмастыру немесе міндеттемелерді өтеу үшін оған есепті кезең аяқталысымен аз дегенде он ай бойы шектеу қойылған жағдайларды қоспағанда, ол ақшалай қаражат немесе ақшалай қаражат эквиваленті ретінде бағаланса.

Барлық қалған активтер айналымнан тыс топтастырылады.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны кәдуілгі операциялық цикл шеңберінде реттеу көзделген болса;
- ол алдымен сауда-саттық мақсаттары үшін ұстап қалынса;
- ол есепті кезең аяқталысымен он екі ай ішінде реттеуге жататын болса;
- ұйым міндеттемелерді реттеуді есепті кезең аяқталысымен кемінде он екі айға кейінге қалдыру құқығына ие болмаса.

Топ барлық өзге міндеттемелерді ұзақ мерзімге топтастырады.

Кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелер айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер ретінде топтастырылады.

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ ЖӘНЕ БОЛЖАМДАР

Топ шоғырландырылған қаржы есептілігінде кезекті қаржы жылы ішінде ашып көрсетілген активтер мен міндеттемелерге әсерін тигізетін бағалым мен болжамдарды қолданды. Бағалым мен болжамдар тұрақты сыни талдауға ұшырайды және қалыптасқан жағдаяттарда негізді болып табылатын басшылықтың бұрынғы тәжірибесіне, сондай-ақ болашақ оқиғаларға қатысты күтілетін басқадай факторларға негізделді. Сондай-ақ, басшылық есеп саясатын қолдану процесінде талап етілетін бағалымнан басқа кейбір болжамдарды қолданды. Шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрсетілген көрсеткіштерге неғұрлым елеулі әсерін тигізетін болжамдарды және кезекті жыл ішінде активтер мен

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

міндеттемелердің теңгерімдік құнына елеулі түзетулерді енгізу қажеттігіне әкеліп соқтыруы мүмкін бағалымды мыналар құрайды:

Негізгі жабдықтарды тиімді пайдалану мерзімі

Топ негізгі жабдықтардың пайдалы қызметінің мерзімін осыған ұқсас активтерге қатысты қалыптасқан тәжірибе негізінде кәсіби болжамдарды қолдана отырып жүргізді. Негізінде осы активтермен байланысты болашақ экономикалық пайда оларды пайдалану нәтижесінде алынбақшы. Алайда техникалық немесе коммерциялық ескіру сияқты факторлар, сондай-ақ жабдықтың тозуы көпшілік жағдайда экономикалық пайданың азаюына әкеліп соқтырады. Басшылық негізгі жабдықтардың қалған тиімді пайдалану мерзімін активтердің ағымдағы техникалық жай-күйіне қарай және осы активтердің есепті кезеңі ішінде Топқа қаншалықты экономикалық пайдалы болатындығын есепке ала отырып бағалайды. Осы ретте мына негізгі факторларға назар аударылады: (а) күтілетін активтерді пайдалану мерзімі; (б) күтілетін активтердің заттық тозуы, ол оның падалану сипаттамалаына және техникалық қызмет көрсету регламентіне байланысты болады; (в) нарық талаптарының өзгерістері нәтижесінде активтердің технологиялық және коммерциялық тұрғыдан моральдық тозуы.

Айналымнан тыс активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтердің мүмкінді құнсыздану белгілеріне ие болуын айқындайды. Егер осы сияқты белгілер пайда болған, сондай-ақ оның баланстық құны құнсыздануы мүмкін жағдаяттарда Топ активтің өтелуге тиіс сомасына баға береді. Құнсыздану индикаторларын талдау кезінде Топ өзге факторлардан бөлек мұнай мен жүктерді тасып шығаруға, Каспий, Жерорта және Қара теңіздерде сүйреткіштер мен баржаларды жалға алуға сұраныстың болуын назарға алады.

Басшылық 2019 жылғы желтоқсанның 31-іне Топтың негізгі жабдықтары (көлік құралдары – теңіз кемелері, ғимараттар) мен инвестициялық жылжымайтын мүлкінің құнсыздануы мәніне тест өткізді.

Топ активтердің құнсыздануына тест жүргізді, осы бойынша әлеуетті құнсыздану индикаторлары анықталды. Топ осы активтерді аұшалай қаражатты тудыратын мына бірліктерге бөліп көрсетті:

- Инвестициялық жылжымайтын мүлік – кеңсе орын-жайы.
- Негізгі жабдықтар – кеңсе орын-жайы (әкімшілік бөлігі).
- Негізгі жабдықтар – сервистік флот: «Ертіс», «Орал», өздігімен тиеу-түсіру операцияларын жүргізетін ҚМГ 101-108 сегіз баржа.
- Негізгі жабдықтар – өздігімен жүзетін MCV Сұңқар, Бүркіт баржалары.
- Негізгі жабдықтар – «Ақтау» мұнай танкері.
- Негізгі жабдықтар – афрамекс үлгісінде «Алтай» және «Алатау» мұнай танкерлері.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік – кеңсе орын-жайы

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне инвестициялық жылжымайтын мүлік бойынша өтелуге тиіс сома 637.546 мың теңгені құрады. Ол бес жылдық мерзімге белгіленген қаржы жоспарларына негізделген

Негізгі жабдықтар – кеңсе орын-жайы (әкімшілік бөлігі)

болжамды ақша ағындары негізінде активтерді пайдалану құндылығын есептеу арқылы айқындалды. Болжамды ақша ағындары алаңдардың тұрақты жалға берілуін және жалгерлік төлемдердің бірте-бірте өсуін ашып көрсету үшін есептелді. Болжамды ақша ағындарына қолданылған дисконттау мөлшерлемесі 14,28% құрады, ал бес жылдық мерзімнен тыс ақша ағындары саланың ұзақ мерзімді орташа өсу қарқындылығына сәйкес келетін 5% өсім қарқындылығын есепке ала отырып экстрополяцияланды. Топ осы талдау нәтижесінде 225.043 мың теңге сомасында құнсыздануды қалпына келтіруді мойындады.

Кеңсе орын-жайы ғимаратының әкімшілік бөлігінің өтелуге тиіс құны инвестициялық жылжымайтын мүліктің құнсыздану проценті мен оның құнсынданғанға дейін құнының арақатынасы арқылы айқындалды. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің құнсыздану проценті жүргізілген талдау қорытындылары бойынша 62 процентке теңдес болады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ ЖӘНЕ БОЛЖАМДАР

Айналымнан тыс активтердің құнсыздануы (жалғасы)

Сервистік флот

Сервистік флоттың бос тұрып қалуы және Каспий теңізінде сұраныстың төмендеуі салдарынан Топ басшылығы 2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне сервистік флоттың баланстық құнын 153.367 мың теңге сомасында толықтай құнсыздандырды. Топ 2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне сервистік флотты пайдаланудың нақты перспективаларын көздестірмейді.

Өздігімен жүзетін MCV Сұңқар, Бүркіт

Болашақ Кеңейті Жобасы бойынша келісім шарт мерзімінің жақын арада аяқталуына байланысты Топ өздігімен жүзетін MCV Сұңқар, Бүркіт құнсыздануын ашып көрсетті. Сұңқар 4.792.272 мың теңге сомасына, ал Бүркіт 7.045.163 мың теңгеге құнсызданды. MCV Барыс баржасына құнсыздану жүргізілмеді, өйткені Топ Барыс баржасын ТШО келісім шарты аяқталысымен «Транскаспий халықаралық көлік маршруты» халықаралық қауымдастығының Заңды тұлғалар бірлестігімен өзара ынтымақтастық шеңберінде контейнерлік тасымал үшін қайта бағдарлауды жоспарлауда. Осы талдау нәтижесінде Топ ағымдағы жылы өздігімен жүзетін баржалар бойынша құнсызданудан болған шығындарды жалпы сомасы 11 837.435 мың теңге мөлшерінде мойындады. Болашақ ақша ағындарын дисконттау мөлшерлемесі ағындар үшін 10.05% мөлшерінде АҚШ долларымен айқындалды.

«Ақтау» мұнай танкері

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне «Ақтау» танкерінің өтелуге тиіс сомасы 3.073.688 мың теңгені құрады. Ол Топтың қаржы жоспарларында негізделген болжамды ақша ағындары негізінде танкерді пайдалану құндылығын есептеп шығару арқылы айқындалды. Болжамды ақша ағындары танкердің пайдалы қызметінің мерзімі – 2031 жылға дейін деп айқындалды. Болжамды ақша ағындары танкердің моральдық тозуына байланысты мұнай тасымалы көлемдерінің бірте-бірте төмендеуін көрсету үшін есептеп шығарылды. Болжамды ақша ағындарына қолданылатын дисконттау мөлшерлемесі 16.10% құрады. Ақша ағындары болжамды кезеңде инфляция бойынша күтілетін баға өзгерістерін есепке ала отырып көрсетілді. Осы талдау нәтижесінде ағымдағы жылы басшылық танкердің құнсыздануынан 352.499 мың теңге сомасында болған шығындарды мойындады. Бағалау үлгісінде қолданылған негізгі елеулі болжамдар ретінде мұнай тасымалдау көлемдері болып табылады. Мұнай тасымалдау көлемдері танкердің техникалық мүмкіндіктерін есепке ала отырып, 2024 жылдан бастап төмендей түсті.

«Алтай» және «Алатау» мұнай танкерлері

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне танкерлердің өтелуге тиіс сомасы олардың теңгерімдік құнынан жоғары болды. Тиісінше Топ афрамекс үлгісіндегі танкерлердің құнсыздануы бойынша шығындарды есептемеді. Танкерлердің өтелуге тиіс сомасы болжамды ақша ағындары негізінде танкерлердің пайдалану құндылығын есептеп шығару арқылы айқындалды. Болжамды ақша ағындары танкердің пайдалы қызметінің мерзімі – 2036 жылға дейін деп айқындалды.

Өтелуге тиіс соманы есептеу үшін қолданылған негізгі болжамдар:

Кеменің жалға алу мөлшерлемесі – Топ өтелуге тиіс соманы есептеу үшін 2019 жыл бойынша кемені жалға алудың орташа мөлшерлемесін бір тонна шикі мұнайды тасымалдау үшін 9.60 доллар мөлшерінде қолданды. Кеменің жалға алу мөлшерлемесін оның рауалы шегінде 5%-ға төмендету танкерлердің 1.205.245 мың теңге сомасында құнсыздануынан шығындарға әкеліп соқтырады.

Дисконттау мөлшерлемесі – Алатау танкері үшін 8.6%-ға теңдес және Алтай танкері үшін 7.1%-ға теңдес дисконттау мөлшерлемелері Топқа тән тәуекелдің ағымдағы нарықтық бағалымын есепке ала отырып есептелді және сала үшін капиталдың ортаөлшемді құны негізінде бағаланды. Мөлшерлеме АҚШ долларымен есептелді, өйткені ақшалай қаражат ағындары АҚШ долларында болжамдалды, сондай-ақ Топ осы танкерлермен байланысты қызметін АҚШ доллары ақшалай айналымның негізгі валютасы болып табылатын ортада жүзеге асырады. Келешекте салаға тән өзгеріп отыратын тәуекелді және капиталдың орташаөлшемді құнының өзгерістерін ашып көрсету үшін дисконттау мөлшерлемесінің кейінгі өзгерістері қажет болуы мүмкін. Дисконттау мөлшерлемесінің 1%-ға ұлғайту 728.380мың теңге мөлшерінде құнсызданудан болған шығындарға әкеліп соқтырады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

5. НЕГІЗГІ ҚАРАЖАТ

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне аяқталған негізгі қаражат қозғалысы мына тәртіппен берілді:

| <i>мың теңгемен</i> | Жер | Ғимарат | Машина- лар мен жабдық- тар | Көлік құралда ры- | Өзгесі | Аяқталма- ған құрылыс | Барлығы |
|--|--------------|------------------|--------------------------------------|-------------------------|----------------|-----------------------------|--------------------|
| Бастапқы құны | | | | | | | |
| 2018 жылғы 1 қаңтарға | 2.362 | 644.236 | 2.308.121 | 67.190.059 | 261.389 | 19.231.477 | 89.637.644 |
| Түсімдер | - | - | - | 2.172.034 | 29.576 | 15.185.125 | 17.386.735 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүліктен аудару (6 Ескертпе) | - | 381.043 | - | - | - | - | 381.043 |
| Шығарылуы | - | - | - | (259.309) | (16.459) | - | (275.768) |
| Аяқталмаған құрылыстан аудару | - | - | - | 34.352.174 | - | (34.352.174) | - |
| Шетелдік валютаны қайта есептеу | - | - | - | 6.478.883 | 1.273 | - | 6.480.156 |
| 2018 жылғы 31 желтоқсанға | 2.362 | 1.025.279 | 2.308.121 | 109.933.841 | 275.779 | 64.428 | 113.609.810 |
| Түсімдер | - | 6.763 | 158.528 | 1.093.548 | 6.884 | 52.712 | 1.318.435 |
| Шығарылуы | - | - | (549) | (1.129.467) | (3.619) | - | (1.133.636) |
| Инвестициялық жылжымайтын мүліктен аудару (6 Ескертпе) | - | 97.881 | - | - | - | (32.670) | 65.211 |
| Сату үшін ұстап қалынатын активтерге аудару | - | - | - | (12.818.328) | (36.531) | - | (12.854.859) |
| Аяқталмаған құрылыстан аудару | - | 16.830 | - | - | - | (16.830) | - |
| Шетелдік валютаны қайта есептеу | - | - | - | (204.022) | 2 | - | (204.020) |
| 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 2.362 | 1.146.753 | 2.466.100 | 96.875.572 | 242.515 | 67.640 | 100.800.942 |
| Жинақталған тозу және құнсыздану | | | | | | | |
| 2018 жылғы 1 қаңтарға | - | (33.668) | (1.744.280) | (22.256.288) | (190.960) | (36.413) | (24.261.609) |
| Есептеулер | - | (14.318) | (180.410) | (4.559.698) | (37.580) | - | (4.792.006) |
| Инвестициялық жылжымайтын мүліктен аудару (6 Ескертпе) | - | (27.295) | - | - | - | - | (27.295) |
| Шығарылуы | - | - | - | 259.309 | 16.368 | - | 275.677 |
| Құнсыздандуды есептеу | - | - | (364.558) | (1.017.972) | - | - | (1.382.530) |
| Шетелдік валютаны қайта есептеу | - | - | - | (2.058.732) | (769) | - | (2.059.501) |
| 2018 жылғы 31 желтоқсанға | - | (75.281) | (2.289.248) | (29.633.381) | (212.941) | (36.413) | (32.247.264) |
| Есептеулер | - | (22.952) | (1.023) | (5.355.433) | (35.951) | - | (5.415.359) |
| Шығарылуы | - | - | 549 | 1.129.467 | 3.619 | - | 1.133.635 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүліктен аудару | - | (1.981) | - | - | - | - | (1.981) |
| Сату үшін ұстап қалынатын активтерге аудару | - | - | - | 6.321.872 | 32.948 | - | 6.354.820 |
| Құнсыздандуды есептеу | - | (618.982) | (153.367) | (12.056.806) | - | - | (12.829.155) |
| Шетелдік валютаны қайта есептеу | - | - | - | 70.760 | (19) | - | 70.741 |
| 2019 жылғы 31 желтоқсанға | - | (719.196) | (2.443.089) | (39.523.521) | (212.344) | (36.413) | (42.934.563) |
| Қалдық сомасы | | | | | | | |
| 2018 жылғы 31 желтоқсанға | 2.362 | 949.998 | 18.873 | 80.300.460 | 62.838 | 28.015 | 81.362.546 |
| 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 2.362 | 427.557 | 23.011 | 57.352.051 | 30.171 | 31.227 | 57.866.379 |

Топтың Ақтау қаласында орналасқан кеңсе орын-жайы ғимаратының бастапқы құны 2.914.984 мың теңгені құрады. Топ жеке қажеттіліктері үшін ғимараттың ішінара бөлігін пайдалануға алды, оның 2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне қалдық сомасы 372.851 мың теңгені құрады (2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне: 898.459 мың теңге). Топ жыл ішінде кеңсе орын-жайынан орын-жайлар алып жайғасты, осының нәтижесінде 95.900 мың теңге мөлшерінде қалдық құнының ішінара бөлігі негізгі жабдықтар құрамына аударылды.

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне қалдық құны 637.546 мың теңгені құрайтын ғимараттың ішінара

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

бөлігін Топ байланысты тараптарға жалға беруде. Ғимараттың осы бөлігін Топ 2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне жинақталған 1.051.252 мың теңге мөлшерінде құнсыздандуды шегере отырып, инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде топтастырды (6 Ескертпе).

Топ 2019 жылы негізгі жабдықтардың (теңіз кемелері) құнсыздануына тест өткізді. Құнсыздануға өткізілген тест нәтижесінде «Ақтау» танкері жалпы сомасы 352.499 мың теңге (2018 жылы: «Ақтау» танкері» 361.445 мың теңге), өздігімен жүзетін Бүркіт, Сұңқар - 11.837.435 мың теңге мөлшерінде (2018 жылы: 0 теңге) құнсызданды. Сондай-ақ, құнсыздануға өткізілген тест нәтижесінде Топ ҚМГ 101-108 өздігімен тиеу-түсіру операцияларын орындайтын сегіз баржаның 153.367 мың теңге мөлшерінде құнсыздануын (2018 жылы: 364.558 мың теңге) мойындады. Кеңсе орын-жайының әкімшілік ғимараты 618.982 мың теңгеге құнсызданды.

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне 1.692.782 мың теңге бастапқы құнымен қоса негізгі жабдықтардың толықтай амортизациясы жүргізілді (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 1.817.898 мың теңге).

Төменде пайдалану құқығы нысанында мойындалған активтердің теңгерімдік құны және оның негізгі жабдық құрамында ашып көрсетілген кезең ішінде өзгерістері көрсетілді:

Көлік құралдарын Топпен «Аль Хилял» Ислам Банк» АҚ өзара жасасқан қаржы арқылы жалға алу шарттары бойынша пайдаланылған «Ембі», «Талас» және «Ырғыз» сүйреткіштері құрайды. Сүйреткіштер қаржылай жалға алу шарты бойынша тиісінше міндеттемелерді қамтамасыз ету ретінде пайдаланылуда және 2019 жылғы қаңтардың 1-інен бастап пайдалану құқығы нысанындағы активтер ретінде топтастырылды.

Сондай-ақ, «KMG Systems & Services» ЖШС өзара жасасқан қаржы жалгерлігі шарты бойынша қойма орын-жайы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап пайдалану құқығы нысанындағы актив ретінде топтастырылды.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

| <i>Мың теңгемен</i> | Ғимарат | Көлік құралдары | Барлығы |
|---|----------------|------------------------|------------------|
| Бастапқы құны | | | |
| 2019 жылғы 1 қаңтарға | – | 6.320.562 | 6.320.562 |
| Жаңа ХҚЕС 16 қолданысқа енгізілуіне байланысты түсімдер | 6.763 | – | 6.763 |
| Түсімдер | – | 21.150 | 21.150 |
| 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 6.763 | 6.341.712 | 6.348.475 |
| 2019 жылғы 1 қаңтарға | | | |
| Есептеулер | – | (347.424) | (347.424) |
| | (2.254) | (332.556) | (334.810) |
| 2019 жылғы 31 желтоқсанға | (2.254) | (679.980) | (682.234) |
| Қалдық құны | | | |
| 2018 жылғы 31 желтоқсанға | – | 5.973.138 | 5.973.138 |
| 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 4.509 | 5.661.732 | 5.666.241 |

6. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күнінен аяқталған жыл бойынша инвестициялық жылжымайтын мүлік қозғалысы мына тәртіппен берілді:

Мың теңгемен

| | |
|---|------------------|
| Бастапқы құны | |
| 2018 жылғы 1 қаңтарға | 2.277.770 |
| Түсімдер | 963 |
| Негізгі жабдықтарға аудару (5 Ескертпе) | (381.043) |
| 2018 жылғы 31 желтоқсанға | 1.897.690 |
| Құрылысы ақталмағаннан аудару | 32.670 |
| Негізгі жабдықтарға аудару (5 Ескертпе) | (97.881) |

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

| | |
|---|--------------------|
| 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 1.832.479 |
| Жинақталған тозу және құнсыздану | |
| 2018 жылғы 1 қаңтарға | (117.683) |
| Түсімдер | (45.566) |
| Негізгі жабдықтарға аудару (5 Ескертпе) | 27.295 |
| Құнсыздану есептеулері | (1.276.295) |
| 2018 жылғы 31 желтоқсанға | (1.412.249) |
| Есептеулер | (9.708) |
| Негізгі жабдықтарға аудару (5 Ескертпе) | (1.981) |
| Құнсыздануды қалпына келтіру | 225.043 |
| 2019 жылғы 31 желтоқсанға | (1.194.933) |
| Қалдық құны | |
| 2018 жылғы 31 желтоқсанға | 485.441 |
| 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 637.546 |

Топтың инвестициялық жылжымайтын мүлкі 2015 жылғы мамырда «Таймас» құрылыс компаниясы» ЖШС компаниясымен (Ақтау қаласы, Қазақста) құрылысы салынған кеңсе орын-жайы ғимаратының ішінара бөлігімен ұсынылды.

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жыл | 2018 жыл |
|--|------------------|-----------|
| Инвестициялық жылжымайтын мүліктен түскен кірістер (22 Ескертпе) | 208.304 | 228.931 |
| Жалға алудан кірістерді алуға (өзіндік құн құрамына қосылды) әкеліп соқтырған тікелей операциялық шығыстар (жөндеу және техникалық қызмет көрсетуді қоса алғанд) | (191.696) | (188.393) |
| Инвестициялық жылжымайтын мүліктен түскен табыс | 16.608 | 40.538 |

2019 жылғы және 2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны шамамен оның теңгерімдік құнына теңдес болды.

Топтың инвестициялық жылжымайтын мүлкін сатып өткізуге ешбір шектеулер қойылмады. Сондай-ақ Топ инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатып алу, құрылысын салу немесе оны жетілдіру немесе абаттандыру бойынша шарттық міндеттемелерді артпайды.

Құнсыздануға жүргізілген тест нәтижелері бойынша Топ құнсыздануды қалпына келтіруді 225.043 мың теңге мөлшерінде (2018 жылы: құнсыздану 1.276.295) мойындады (4 Ескертпе).

7. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне аяқталған жыл бойынша материалдық емес активтердің қозғалысы мына тәртіппен ұсынылды:

| <i>Мың теңгемен</i> | Программалық жасау | Өзгесі | Барлығы |
|----------------------------------|---------------------------|----------------|-----------------|
| Бастапқы құны | | | |
| 2018 жылғы 1 қаңтарға | 364.115 | 140.833 | 504.948 |
| Түсімдер | 22.745 | 3.107 | 25.852 |
| Шетелдік валютаны қайта есептеу | 5.431 | – | 5.431 |
| 2018 жылғы 31 желтоқсанға | 392.291 | 143.940 | 536.231 |
| Түсімдер | 21.432 | 4.391 | 25.823 |
| Шығуы | (10.962) | – | (10.962) |
| Шетелдік валютаны қайта есептеу | (179) | – | (179) |
| 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 402.582 | 148.331 | 550.913 |
| Жинақталған тозу | | | |
| 2018 жылғы 1 қаңтарға | (271.046) | (83.205) | (354.251) |
| Есептеулер | (42.857) | (6.080) | (48.937) |
| Шетелдік валютаны қайта есептеу | (2.867) | – | (2.867) |

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

| | | | |
|----------------------------------|------------------|-----------------|------------------|
| 2018 жылғы 31 желтоқсанға | (316.770) | (89.285) | (406.055) |
| Есептеулер | (45.926) | (10.023) | (55.949) |
| Шығуы | 10.962 | – | 10.962 |
| Шетелдік валютаны қайта есептеу | 94 | – | 94 |
| 2019 жылғы 31 желтоқсанға | (351.640) | (99.308) | (450.948) |
| Қалдық құны | | | |
| 2018 жылғы 31 желтоқсанға | 75.521 | 54.655 | 130.176 |
| 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 50.942 | 49.023 | 99.965 |

8. ПАЙДАЛАНЫЛУЫ ШЕКТЕЛГЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне пайдаланылуы шектелген 2.159.410 мың теңге сомасы (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 1.704.807 мың теңге) қаржы жалгерлігі шарты шеңберінде міндетті 3,02% жылдық болжамды табыспен «Аль Хиял» Ислам Банк» АҚ 765.180 мың теңге сомасында депозитпен, сондай-ақ «Блю Вотер Шиппинг Қазақстан» ЖШС Консорциум келісімі бойынша өз міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындауды қаржылай қамтамасыз ету ретінде «Altyn Bank» АҚ («Қазақстан Халық банк» АҚ ЕБ) 1.393.230 мың теңге (3.642 АҚШ доллары) мөлшерінде ашылған Эскроу шотымен көрсетілді.

Пайдаланылуы шектелген қалған 1.000 теңге сомасында ақшалай қаражат «Айназар» әктас карьерін қалпына келтіру бойынша тарату қорын білдіреді.

9. ЗАПАСТАР

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне және 2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне запастар мына тәртіппен ұсынылды:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 2018 жылғы 31 желтоқсанға |
|---------------------|----------------------------------|---------------------------|
| Отын | 463.414 | 498.105 |
| Босалқы бөлшектер | 38.634 | 56.069 |
| Әктас | 4.486 | 4.486 |
| Өзге материалдар | 115.004 | 99.597 |
| | 621.538 | 658.257 |

10. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне және 2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне сауда және өзге дебиторлық берешек мына тәртіппен көрсетілді:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 2018 жылғы 31 желтоқсанға |
|--|----------------------------------|---------------------------|
| Дебиторлық сауда берешегі | 11.335.412 | 12.307.982 |
| Өзге дебиторлық берешек | 110.900 | 482.259 |
| Минус: күтілетін кредиттік шығындарға көзделген бағалау қоры | (257.360) | (123.179) |
| | 11.188.952 | 12.667.062 |

Дебиторлық сауда берешегі ХҚЕС 15 (IFRS) сатып алушылармен жасасқан шарттар бойынша түсімді мойындау нәтижесінде жинақталды.

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне және 2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне сауда және өзге дебиторлық берешек мына тәртіппен көрсетілді:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 2018 жылғы 31 желтоқсанға |
|---------------------|----------------------------------|---------------------------|
| АҚШ доллары | 10.837.012 | 12.355.347 |
| Теңге | 351.390 | 311.715 |
| Басқа валютада | 550 | – |

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

11.188.952 **12.667.062**

Дебиторлық берешекті өтеудің орташа мерзімі 30 күнді құрады. 2019, 2018 жылдары төленбеген қалдықтар бойынша проценттер есептелмеді.

Күтілетін кредиттік шығындарға көзделген бағалау қорындағы өзгерістер мына тәртіппен көрсетілді:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жыл | 2018 жыл |
|---|-----------------|----------|
| 1 қаңтарға күтілетін кредиттік шығындарға көзделген бағалау қоры | 123.179 | 56.455 |
| Жыл бойынша есептелген | 133.549 | 35.107 |
| Жыл бойынша есептен шығарылған | – | (3.539) |
| Бағам айырмашылығы | 632 | 35.156 |
| 31 желтоқсанға күтілетін кредиттік шығындарға көзделген бағалау қоры | 257.360 | 123.179 |

Бұдан әрі сауда және өзге дебиторлық берешек мерзімі бойынша талдау көрсетілді:

| 2019 жылғы 31 желтоқсанға | Төлемдердің кешіктірілуі | | | | | 121 күннен асыра | Барлығы |
|--|---------------------------------|------------------|------------------|-------------------|-----------------------------|-----------------------------|-------------------|
| | Ағымдағы | 31-60 күн | 61-90 күн | 91-120 күн | 121 күннен асыра | | |
| Күтілетін кредиттік шығындардың проценті | 0,96% | 0,31% | 0,25% | 16,02% | 44,71% | | |
| Дефолт кезінде есепті ортақ жалпы теңгерімдік құны | 10.887.724 | 27.416 | 103.455 | 134.314 | 293.403 | | 11.446.312 |
| Күтілетін кредиттік шығындар | 104.318 | 85 | 258 | 21.511 | 131.188 | | 257.360 |

| 2019 жылғы 31 желтоқсанға | Төлемдердің кешіктірілуі | | | | | 121 күннен асыра | Барлығы |
|--|---------------------------------|------------------|------------------|-------------------|-----------------------------|-----------------------------|-------------------|
| | Ағымдағы | 31-60 күн | 61-90 күн | 91-120 күн | 121 күннен асыра | | |
| Күтілетін кредиттік шығындардың проценті | 0,10% | 0,99% | 1,41% | 14,76% | 19,14% | | |
| Дефолт кезінде есепті ортақ жалпы теңгерімдік құны | 12.097.148 | 94.068 | 18.754 | 15.191 | 565.080 | | 12.790.241 |
| Күтілетін кредиттік шығындардың проценті | 11.591 | 929 | 265 | 2.242 | 108.152 | | 123.179 |

11. ӨЗГЕ АЙНАЛЫМ АКТИВТЕРІ

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне және 2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне өзге айналым активтері мына тәртіппен көрсетілді:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 2018 жылғы 31 желтоқсанға |
|---------------------------------------|--------------------------------------|------------------------------|
| Берілген аванстар | 584.118 | 164.191 |
| Болашақ кезеңдердің шығыстары | 91.467 | 43.767 |
| Өзге салық бойынша алдын ала төлемақы | 31.463 | 205.084 |
| Қызметкерлерге берешек | 11.497 | 7.499 |
| Өзгесі | 9.864 | – |
| | 728.409 | 420.541 |

12. САТУ ҮШІН КӨЗДЕЛГЕН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

Өңірде мұнай кемелерінің флоты үшін жеткілікті жүк базасының болмауы салдарынан сатып өткізудің экономикалық тиімділігін есепке ала отырып Топ 2019 жылы SOCAR LOGISTICS DMMC операциялық жалға берілген «Есіл», «Тобыл» сүйреткіштері мен «Ақтөбе», «Атырау», «Орал» танкерлерін сатып өткізу туралы шешім қабылдады. «Есіл», «Тобыл» сүйреткіштері 2019 жылғы желтоқсанда сатып өткізілді. Танкерлерді сатып өткізу үшін 2019 жылғы желтоқсанда сауда-саттық өткізілді, осының нәтижесінде сатып алушы айқындалып, онымен 2020 жылы шарт жасасатын болады.

ШОҒЫРЛАҢДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

Мың теңгемен

| | |
|---|------------------|
| 2019 жылғы 1 қаңтарға сальдо | – |
| Негізгі жабдықтан аудару | 6.500.039 |
| Жыл ішінде сатып өткізілді | (170.602) |
| 2019 жылғы 31 желтоқсанға сальдо | 6.329.437 |

13. АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКВИВАЛЕНТІ

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне және 2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне ақшалай қаражат және оның эквиваленті мына тәртіппен көрсетілді:

| Мың теңгемен | 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 2018 жылғы 31 желтоқсанға |
|---|------------------------------|------------------------------|
| АҚШ долларымен банктегі ақшалай қаражат | 6.110.871 | 3.157.953 |
| Еуромен банктегі ақшалай қаражат | 103.099 | 427.555 |
| Теңгемен банктегі ақшалай қаражат | 67.066 | 137.121 |
| Өзге шетелдік валютада банктегі ақшалай қаражат | 24.001 | 31.177 |
| | 6.305.037 | 3.753.806 |

Орналастыру мерзімі 3 айға дейін қысқа мерзімді депозиттерге есептелген проценттік кірістер 2019 жылы 125.251 мың теңгені (2018 жылы: 45.609 мың теңге) құрады (26 Ескертпе).

14. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне және 2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне жарғылық капитал толықтай төленіп, мына тәртіппен көрсетілді:

| Мың теңгемен | Иеленуі % | Сомасы |
|--------------|------------|-------------------|
| ҚМГ ҰК | 100 | 11.575.721 |
| | 100 | 11.575.721 |

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша Топ Негізгі компанияға дивиденттерді 418.000 мың теңге сомасында (2018 жыл: 0 теңге) төледі.

15. ҚАРЖЫ ЖАЛГЕРЛІГІ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне және 2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне қаржы жалгерлігі бойынша міндеттемелер мына тәртіппен көрсетілді:

| Мың теңгемен | 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 2018 жылғы 31 желтоқсанға |
|---|------------------------------|------------------------------|
| Ең төмен жалгерлік төлемдер | | |
| Бір жыл ішінде | 2.030.583 | 2.136.311 |
| Бір жылдан жоғары, бірақ бес жылдан аспайтын | 2.822.103 | 4.888.542 |
| Ең төмен жалгерлік төлемдер жиынтығы | 4.852.686 | 7.024.853 |
| Қаржы шығыстарын шегергенде | (234.501) | (535.253) |
| Ең төмен жалгерлік төлемдер құны | 4.618.185 | 6.489.600 |
| Ең төмен жалгерлік төлемдер құны | | |
| Бір жыл ішінде | 1.919.957 | 1.976.175 |
| Бір жылдан жоғары, бірақ бес жылдан аспайтын | 2.698.228 | 4.513.425 |
| Ең төмен жалгерлік төлемдердің ағымдағы құны | 4.618.185 | 6.489.600 |

2017 жылғы шілде айында Топ «Al Hilal» Ислам Банк» АҚ ТШО компаниясы бойынша қызметтерді ұсыну үшін «Ембі», «Талас», «Ырғыз» сүйреткіштері түрінде көлік құралдарын қаржы жалгерлігіне шарт жасасты. Оның мерзімі 2021 жылғы 4 тамызда аяқталмақ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

16. АЛЫНҒАН ЗАЙМДАР

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне және 2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне алынған займдар мына тәртіппен көрсетілді:

| <i>Мың теңгемен</i> | Валюта | Өтеу мерзімі | Проценттік мөлшерлеме | 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 2018 жылғы 31 желтоқсанға |
|------------------------------|-------------|------------------------|-----------------------|---------------------------|---------------------------|
| ҚМГ ҰК (29 Ескертпе) | АҚШ доллары | 2023 жылғы 23 қыркүйек | 4,46% | 22.385.723 | 25.008.730 |
| Минус: қысқа мерзімді бөлігі | | | | (2.335.329) | (2.346.693) |
| | | | | 20.050.394 | 22.662.037 |

16. АЛЫНҒАН ЗАЙМДАР (жалғасы)

2013 жылғы 13 қыркүйекте Топ ҚМГ ҰК жалпы сомасы 93.160 АҚШ доллары сомасына 4,46% тиімді проценттік мөлшерлемесімен кредиттік келісім жасасты. Займ AFRAMAX үлгісінде «Алтай» және «Алатау» екі мұнай танкерін сатып алу үшін «АТФ Банк» АҚ алынған займды қайта қаржыландыру үшін берілді. 2018 жылғы наурызда Топ кредиттік келісімге займды өтеудің жаңа кестесін көздейтін қосымша келісімді жасасты. «Алтай» танкері үшін негізгі займ берешегінің төлемдері 18.114 мың АҚШ долларымен 2023 жылғы наурыз, қыркүйекте екі бірдей төлем арқылы жүзеге асырылса, «Алатау» танкері үшін негізгі займ берешегінің сомасы 2018 жылғы 25 қазаннан бастап 506 мың АҚШ доллары сомасында алпыс бірдей ай сайынғы төлем арқылы жүзеге асырылуда. Жаңа талаптар бойынша займ бойынша сыйақы ай сайынғы негізде төленеді. Осы займ бойынша қаржы шығыстары 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша 1.059.784 мың теңгені құрады (2018 жылғы 1 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша: 1.027.712 мың теңге). Кредиттік келісім талаптарының өзгерістері әрекет үстіндегі міндеттемені мойындамауға және жаңа міндеттемені мойындауға әкеліп соқтырмады, сондай-ақ займдардың амортизациялық құнына елеулі әсерін тигізбеді.

Қаржы қызметімен шартталған міндеттемелердегі өзгерістер

Желтоқсанның 31-і күніне қаржы қызметімен шартталған міндеттемелердегі өзгерістерді мыналар құрады:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жылғы 1 қаңтар | Ақша ағындары | Төленген проценттер | Бағам айырмашылығындағы өзгерістер | өзгесі | 2019 жылғы 31 желтоқсан |
|--|---------------------|--------------------|---------------------|------------------------------------|------------------|-------------------------|
| Алынған займдар | 25.008.730 | (2.518.519) | (1.061.316) | (102.956) | 1.059.784 | 22.385.723 |
| Төленетін дивиденттер | – | (418.000) | – | – | 418.000 | – |
| Қаржы жалгерлігі бойынша міндеттемелер | 6.489.600 | (1.802.734) | (319.469) | (26.320) | 277.108 | 4.618.185 |
| | 31.498.330 | (4.739.253) | (1.380.785) | (129.276) | 1.754.892 | 27.003.908 |

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жылғы 1 қаңтар | Ақша ағындары | Төленген проценттер | Бағам айырмашылығындағы өзгерістер | өзгесі | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|--|---------------------|---------------|---------------------|------------------------------------|-----------|-------------------------|
| Алынған займдар | 22.553.575 | (698.016) | (1.286.309) | 3.411.606 | 1.027.874 | 25.008.730 |
| Қаржы жалгерлігі бойынша міндеттемелер | 4.236.217 | (849.598) | (190.825) | 841.035 | 2.452.771 | 6.489.600 |

ШОҒЫРЛАҢДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

| | | | | | | |
|--|------------|-------------|-------------|-----------|-----------|------------|
| | 26.789.792 | (1.547.614) | (1.477.134) | 4.252.641 | 3.480.645 | 31.498.330 |
|--|------------|-------------|-------------|-----------|-----------|------------|

«Өзгесі» графасын жарияланған дивиденттерден есептелген тиімділік, есептелген тиімділік, бірақ әлде де төленбеген проценттер және қаржы жалгерлігі бойынша алынған займдар мен міндеттемелер бойынша проценттер құрады. Сондай-ақ, оған қаржы жалгерлігінің жаңа шарттары қосылды.

17. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖАЛГЕРЛІК ҮШІН АЛЫНҒАН АВАНСТАР

Операциялық жалдау үшін алынған аванстар жаңадан кеме жасауы жүргізілген өздігімен жүзетін «Барыс», «Бүркіт», «Сұңқар» баржаларын ТШО жалға беруден алынған алдын ала төлемақының ішінара бөлігі болып табылады. Алдын ала төлемақының осы бөлігі осы кемелердің кеме жасауына нақты жұмсалды және аванс осы кемелерді операциялық жалға беру бойыша кірістер есебінен жабылмақшы. 2018 жылы құрылыс модульдерін тасымалдауға ТШО жасасқан шартқа сәйкес Топ осы кемелерді әрбір кеме үшін ең төмен жалгерлік мерзіммен 850 күнге операциялық жалға берді.

18. ШАРТ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне және 2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне шарт бойынша міндеттемелер мына тәртіппен көрсетілді:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жылғы 31 желтоқсанға | 2018 жылғы 31 желтоқсанға |
|---|------------------------------|------------------------------|
| Құрылыс модульдерін басқару қызметтер үшін алынған аванс | 3.451.486 | 9.731.271 |
| Негізгі жабдықтардың жеткізілімін жүргізуге алынған аванс | 953.697 | – |
| Тасымалдауды басқару қызметтері үшін алынған аванс бойынша қаржы компоненті | 467.075 | 718.252 |
| | 4.872.258 | 10.449.523 |
| Қысқа мерзімді | 4.800.157 | 6.877.128 |
| Ұзақ мерзімді | 72.101 | 3.572.395 |

Құрылыс модульдерінің тасымалын басқару бойынша қызметтер үшін алынған аванс құрылыс модульдерінің тасымалын басқару бойынша ТШО алынған алдын ала төлемақының бір бөлігі болып табылады. Алдын ала төлемақының осы бөлігі өздігімен жүзетін баржалардың кеме жасауына нақты жұмсалды және аванс құрылыс модульдерінің тасымалын басқару бойынша қызметтерден түскен кірістер есебінен жабылмақшы.

2018 жылы құрылыс модульдерін тасымалдауға ТШО жасасқан шартқа сәйкес Топ осы қызметтерді өздігімен жүзетін баржалар ТШО операциялық жалға берілгеннен кейін ұсынып бастады. Тасымалды басқару бойынша қызметтерді ұсыну кезеңі әрбір кеме үшін 850 күнді құрады.

Негізгі жабдықтардың жеткізілімін жүргізуге алынған аванс «Ақтөбе», «Атырау», «Орал» танкерлері үшін алдын ала жүргізілген төлемақы болып табылады.

19. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне және 2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне сауда және өзге кредиторлық берешек мына тәртіппен көрсетілді:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|----------------------------|----------------------------|----------------------------|
| Кредиторлық сауда берешегі | 9.252.761 | 8.090.512 |
| Өзге кредиторлық берешек | 5.532 | 383.149 |
| | 9.258.293 | 8.473.661 |

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне және 2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне кредиторлық сауда берешегі мына валютада көрсетілді:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---------------------|----------------------------|----------------------------|
| АҚШ доллары | 7.996.679 | 7.625.537 |
| Теңге | 1.165.704 | 436.354 |

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

| | | |
|--------|------------------|-----------|
| Еуро | 46.675 | 7.148 |
| Рубль | 784 | 381.093 |
| Өзгесі | 48.451 | 23.529 |
| | 9.258.293 | 8.473.661 |

ШОҒЫРЛАҢДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

20. ӨЗГЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне және 2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне өзге қысқа мерзімді міндеттемелер мына тәртіппен көрсетілді:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|--|----------------------------|----------------------------|
| Қызметкерлер алдында берешек (соның ішінде демалыс бойынша резерв) | 430.123 | 441.641 |
| Төленуге тиіс ҚҚС | 341.759 | 595.539 |
| Төленуге тиіс өзге салық | 91.839 | 112.197 |
| Өзгесі | 129.266 | – |
| | 992.987 | 1.149.377 |

21. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ӨЗАРА ЖАСАСҚАН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ

31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша түсім мына тәртіппен көрсетілді:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жыл | 2018 жыл |
|---|-------------------|-------------------|
| Қызмет көрсетулердің түрлері | | |
| Шикі мұнайды тасымалдаудан түскен түсім | 46.396.587 | 19.747.117 |
| Құрылыс модульдер тасымалын басқарудан түскен түсім | | |
| Операциялық шығыстарды өтеу | 12.615.691 | 7.397.557 |
| Операциялық шығыстарды өтеу | 10.946.818 | – |
| Атаулы комиссиялар | 1.612.610 | 181.859 |
| Мұнайды тасымалдау кезіндегі демерредж | 1.555.028 | 1.034.140 |
| Құрғақ жүктерді тасымалдау | 1.385.167 | – |
| Шарт бойынша міндеттемелер бойынша проценттік кірістер | 719.964 | 422.343 |
| Сервистік флот қызметтерін ұсынудан түскен түсім | 546.911 | 1.207.690 |
| Мұнайдың төгілуіне мониторинг жүргізуден және оны жоюдан түскен түсім | – | 836.719 |
| Өзгесі | 115.244 | 103.606 |
| | 75.894.020 | 30.931.031 |

Шикі мұнайды тасымалдаудан түскен түсім Каспий, Қара және Жерорта теңіздерінде тасымалдау қызметтерін ұсынуға байланысты болды. Осы қызметтердің 2019 жыл ішінде негізгі сатып алушылары KMG Trading AG, Eurasian Trading and Shipping FZE және BELVION GROUP Ltd. болып табылады.

Топ 2018 жылы құрылыс модульдерінің тасымалын басқару бойынша қызметтерді ТШО келісімі бойынша ұсынып бастады. Осы қызметтерді басқару және пайдалану қызметтерін және жалға берілген өздігімен жүзетін баржалар бойынша техникалық басқару қызметтері, сондай-ақ экипажбен жабдықтау құрайды. Топ 2019 жылы модульдердің тасымалы бойынша қызметтерді жалғастыруды қолға алды.

Сервистік флот қызметтерін ұсынудан түскен түсім Топтың сүйреткіш кемелердің, жабдықтаушы кемелердің, сондай-ақ жүктерді тасымалдауға арналған баржалардың қызметтерін ұсыну бойынша жүзеге асырған қызметімен ашып көрсетілді.

Шикі мұнайды тасымалдау бойынша қызметтерді қоспағанда, Топтың бүкіл қызметтері бойынша түсім уақыт кезеңі ішінде мойындалды. Шикі мұнайды тасымалдау бойынша қызметтерді ұсынудан түскен түсім барлық тараптармен мәміле бойынша қабылданып келісілген көлемге және Топ және кемемен жалданушылар арасында жасасқан шарттарда белгіленіп бекітілген тарифтерге қарай мойындалды.

Топ 2019 жыл ішінде жылдың бастапқы айында шарт бойынша міндеттемелер құрамына енгізілген сомаларға қатысты 4.623.568 мың теңге мөлшерінде (2018 жылы: 3.970.322 мың теңге) түсімді мойындады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

22. ЖАЛҒА БЕРУДЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша жалға беруден түскен кірістер мына тәртіппен көрсетілді:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жыл | 2018 жыл |
|--|-------------------|-------------------|
| Өздігімен жүзетін баржаларды операциялық жалға беруден түскен кірістер | 17.482.561 | 10.645.264 |
| Танкерлерді операциялық жалға беруден түскен кірістер | 2.341.243 | 1.286.937 |
| Құрғақ жүктерді операциялық жалға беруден түскен кірістер (ББЧ) | 242.838 | - |
| Инвестициялық жылжымайтын мүліктен түскен кірістер (6 Ескертпе) | 208.304 | 228.931 |
| Баржаларды операциялық жалға беруден түскен кірістер | 77.254 | - |
| | 20.352.200 | 12.161.132 |

Топ 2019 жылы өз меншігіндегі өздігімен жүзетін баржаларды ТШО операциялық жалға берді. Жалға беруден 2019 жыл бойынша кірістердің түсуіне әкеліп соқтырған тікелей операциялық шығыстар (ұсынылған қызметтердің өзіндік құнында ашып көрсетілген жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуді қоса алғанда) 7.465.525 мың теңгені (2018 жылы: 4.140.144 мың теңге) құрады.

Топ 2018 жылы бес танкерді SOCAR LOGISTICS DMCC операциялық жалға берді. Жалға беру мерзімі үш жыл құрады, алайда SOCAR LOGISTICS DMCC жасасқан шартқа сәйкес жалдау мерзімін екі жылға ұзартуы мүмкін. Тікелей операциялық шығыстар 2019 жылы 1.180.074 мың теңгені (2018 жылы: 542.352 мың теңгені) құрады.

23. ҰСЫНЫЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

31 желтоқсанда аяқталған ұсынылған қызметтердің өзіндік құны мына тәртіппен көрсетілді:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жыл | 2018 жыл |
|--|-------------------|-------------------|
| Шикі мұнайды тасымалдау | 54.619.250 | 18.935.383 |
| Өзлігімен жүзетін баржаларды жалдау (22 Ескертпе) | 7.465.525 | 4.140.144 |
| Құрылыс модельдерінің тасымалын басқару | 5.187.907 | 2.877.049 |
| Құрғақ жүктерді таситын кемелерді пайдалану шығыстары | 2.459.379 | - |
| Сервистік флот және мұнайдың төгілуін жоюға жүргізілген мониторинг шығыстары | 1.346.543 | 2.375.958 |
| Танкерлерді жалдау | 1.180.074 | 542.352 |
| Құрғақ жүктерді таситын кемелерді жалдау | 264.479 | - |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлікке техникалық қызмет көрсету | 191.696 | 258.066 |
| Өзгесі | 67.841 | 24.524 |
| | 72.782.694 | 29.153.476 |

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жыл | 2018 жыл |
|---|-------------------|-------------------|
| Танкерлерді жалға алу | 42.950.659 | 6.169.426 |
| Техникалық қызмет көрсету және кемелерді басқару | 10.259.910 | 5.906.612 |
| Тозу және амортизация | 5.389.290 | 4.804.836 |
| Флотты жалдау | 3.731.193 | 3.387.696 |
| Отын және өзге материалдар | 3.072.972 | 3.737.279 |
| Порттық алымдар | 2.666.209 | 3.115.044 |
| Демерредж | 1.383.006 | - |
| Еңбек жалақысы және тиісінше салықтар | 841.076 | 542.477 |
| Негізгі жабдықтарды жөндеу | 587.015 | - |
| Сақтандыру шығыстары | 325.902 | 219.348 |
| Тысқары мамандардың қызметтері | 325.066 | 456.528 |
| Сүйрету бойынша қызметтер | 289.725 | - |
| Кемелердің агенттік қызметтері | 229.034 | 44.153 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлікке техникалық қызмет көрсету | 145.364 | 206.001 |
| Табыс салығын қоспағанда өзге салықтар | 68.657 | 61.993 |
| Өзгесі | 517.616 | 502.083 |
| | 72.782.694 | 29.153.476 |

ШОҒЫРЛАҢДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

24. ЖАЛПЫ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жалпы және әкімшілік шығыстар мына тәртіппен көрсетілді:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жыл | 2018 жыл |
|---------------------------------------|------------------|------------------|
| Еңбек жалақысы және тиісінше салықтар | 1.150.515 | 1.631.170 |
| Кәсіби қызметтер | 358.239 | 140.129 |
| Сыйлықақы бойынша қор | 264.883 | 262.136 |
| Өзге салықтар | 166.712 | 404.808 |
| Дебиторлық берешектің құнсыздануы | 133.549 | 35.107 |
| Іссапар шығыстары | 126.412 | 136.483 |
| Жендеу және қызмет көрсету | 126.184 | 39.722 |
| Әлеуметтік шығыстар | 115.501 | 43.735 |
| Тозу және амортизация | 91.725 | 81.673 |
| Жалдау | 64.289 | 130.593 |
| Мүшелік жарналар | 34.000 | 30.789 |
| Сақтандыру | 26.812 | 24.955 |
| Услуги связи | 20.637 | 20.901 |
| Банктік комиссиялар | 15.645 | 24.679 |
| Материалдар | 6.785 | 21.088 |
| Өкілдік шығыстар | 3.623 | 3.979 |
| Өзгесі | 95.080 | 123.140 |
| | 2.800.591 | 3.155.087 |

25. ӨЗГЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР)

2019 жылғы, 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған өзге операциялық кірістер/(шығыстар) мына тәртіппен көрсетілді:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жыл | 2018 жыл |
|--|------------------|------------------|
| Шығыстарды өтеу | 767.129 | 1.311.863 |
| Айыппұл мен өсімпұлдан түскен кірістер | 2.200 | 63.705 |
| Өзгесі | 152.544 | 48.398 |
| | 921.873 | 1.423.966 |
| Үшінші тараптардың өзге қызметтері | (232.237) | (497.035) |
| Өзгесі | - | (52.335) |
| | (232.237) | (549.370) |

26. ҚАРЖЫ КІРІСТЕРІ/(ШЫҒЫСТАРЫ)

2019 жылғы, 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған қаржы кірістері/(шығыстары) мына тәртіппен көрсетілді:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жыл | 2018 жыл |
|---|--------------------|--------------------|
| Проценттік кірістер (13 Ескертпе) | 125.251 | 45.609 |
| | 125.251 | 45.609 |
| Алынған займдар ойынша қаржы шығыстары (26 Ескертпе) | (1.059.784) | (1.027.874) |
| Түсімді тудыратын шарттар бойынша проценттер | (468.788) | (606.345) |
| Қаржы жалгерлігі бойынша міндеттемелердің қаржы шығыстары | (269.766) | (346.068) |
| Қаржы кепілдігі бойынша міндеттемелердің қаржы шығыстары | (78.581) | (153.714) |
| | (1.876.919) | (2.134.001) |

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

27. ТАБЫС САЛЫҒЫ

31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша табыс салығының шығыстары мына тәртіппен көрсетілді:

| <i>В тысячах тенге</i> | 2019 жыл | 2018 жыл |
|---|------------------|-----------|
| Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар | 2.277.355 | 1.080.741 |
| Алдыңғы кезеңдер бойынша ағымдағы табыс салығына енгізілген түзетулер | 123.630 | 238.752 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша шығыстар | (525.005) | 2.195.653 |
| Алдыңғы кезең бойынша ейінге қалдырылған салыққа енгізілген түзетулер | - | - |
| | 1.875.980 | 3.515.146 |

Төменде салық салынғанға дейін 31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша табыс салығының шығыстарын үнемдей отырып табысқа қатысты қолданылатын табыс салығы бойынша шығыстар салыстырмалы түрде көрсетілді:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жыл | 2018 жыл |
|--|------------------|-----------|
| Салық салынғанға дейін табыс | 5.709.176 | 6.457.277 |
| Нормативтік салық мөлшерлемесі | 20% | 20% |
| Ресми мөлшерлеме бойынша табысқа салынған салық бойынша шығыстар | 1.141.835 | 1.291.455 |
| Элиминациялық түзетулер салдарынан салық салудың жеңілдіктерімен тіркелген мемлекеттердегі еншілес кәсіпорындардың кірістері | | - |
| Салық салудың жеңілдіктерімен тіркелген мемлекеттердегі еншілес кәсіпорындардың шығындары | 51.092 | 179.909 |
| Алдыңғы кезең бойынша ағымдағы табыс салығының түзетулері | 123.630 | 238.752 |
| ҚР тіркелген кемелер бойынша салық салынбаған кірістер | - | (275.632) |
| Бухгалтерлік кірісте есептелмеген, ПБР бойынша салықтық кірістер | 384.023 | - |
| Салық заңнамасының өзгерістері (30 Ескертпе) | - | 1.716.895 |
| Құнсызданудан болған шығындар | 30.673 | 276.161 |
| Өзгесі | 144.727 | 87.606 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 1.875.980 | 3.515.146 |

31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша кейінге қалдырылған салық бойынша қозғалыс мына тәртіппен көрсетілді:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жылғы 31 желтоқсан | Жиынтық табыс туралы есептемеде уақыттық айырмашылықтард ың туындауы және оларды шегеру | 2018 жылғы 31 желтоқсан | Жиынтық табыс туралы есептемеде уақыттық айырмашылықтард ың туындауы және оларды шегеру | 2017 жылғы 31 желтоқсан |
|--|----------------------------|--|----------------------------|--|----------------------------|
| Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер | | | | | |
| Шарт бойынша міндеттемелер | 655.795 | (875.142) | 1.529.937 | 1.529.937 | - |
| Алынған аванстар | 148.838 | 148.838 | - | - | - |
| Күтілетін кредиттік шығындар үшін бағалау қоры | 33.184 | 12.313 | 20.871 | 9.580 | 11.291 |
| Сыйлықақы төлемдері бойынша резерв | 70.738 | (8.035) | 78.773 | 78.773 | - |
| Өзге есептеулер | 19.353 | 4.601 | 14.752 | 5.534 | 20.286 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер | 927.908 | (716.425) | 1.644.333 | 1.612.756 | 31.577 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер | | | | | |
| Негізгі жабдықтар және инвестициялық жылжымайтын мүлік | 3.057.589 | (1.241.430) | 4.299.019 | 3.808.409 | 490.610 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер | 3.057.589 | (1.241.430) | 4.299.019 | 3.808.409 | 490.610 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттеме | 2.129.681 | (525.005) | 2.654.686 | 2.195.653 | 459.033 |

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

28. ҚАРЖЫ КЕПІЛДІГІ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕ

Топ 2009 жылғы маусымда «Маңғыстау облысы кеме жөндеу зауыты» ЖШС (бұдан әрі – «МОКЗ») қауымдастығы компаниясының Еуропа жаңғыру және даму банк (бұдан әрі – «ЕЖДБ») алынған займ міндеттемесі бойынша қаржы кепілдігін артты. Қаржы кепілдігі шартына сәйкес МОКЗ берешекті уақтылы өтеуге жарамсыз болған жағдайда Топ МОКЗ берешек сомасының 30%-ын (капиталға қатысу үлесіне барабар) төлеуге тиіс.

2012 жылғы желтоқсанның 31-і күніне МОКЗ ЕЖДБ процент төлемдерін және негізгі берешек сомасын уақтылы төлеуді жүзеге асырмады, сондай-ақ займмен байланысты нақтылы міндеттемелерді бұзушылыққа жол берді. Сондай-ақ, МОКЗ 50% үлесіне ие «Топаз Энерджи» кепілдік келісімінен шығып кетті. Осылайша, үлес 30% және 20% мөлшерінде тиісінше Топ пен «Балықшы» ЖШС арасында бөлінді. Нәтижесінде Топ 60% үлеске ие болды.

2012 жылғы желтоқсанның 31-і күніне МОКЗ ЕЖДБ алдында берешек сомасы 11.603.268 АҚШ долларын құрады. Топ 2013 жылғы 1 тамызда «Балықшы» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесін сатуды жүзеге асырды. Қаржы кепілдігі шартының талаптарына сәйкес Топ ЕЖДБ келісімінсіз қаржы кепілдігі бойынша міндеттемені үшінші тарапқа беру құқығына ие болмайды. Нәтижесінде кепілдік құқығы «Балықшы» ЖШС қалды, Топ бұрынғыдай 60% үлес үшін жауапкершілік артуда.

Топ осы шоғырландырылған қаржы есептілігінің жарыққа шығу күніне ЕЖДБ атынан Топтың қаржы кепілдігі бойынша міндеттемеден босатылуы туралы ресми хабарлама алған жоқ. 2019 жылы ЕЖДБ талабы бойынша Төрелік сотта талап арыз қаралды және ол ішінара қанағаттандырылды:

- 4.223.796 АҚШ доллары, сондай-ақ әрбір кешіктірген күні үшін 2019 жылғы 22 маусымнан бастап міндеттемелер орындалғанға дейін 543,29 АҚШ доллары мөлшерінде өсімпұлды;
- Caspian Services Inc ортақ тәртіппен ҚТКФ осы шығыстарды ЕЖДБ төлеу күнінен бастап 7,9% мөлшерінде 610.000 фунт стерлинг (төрелік шығындарын ортақ тәртіппен өтеу);
- Caspian Services Inc ортақ тәртіппен ҚТКФ шығыстарды ЕЖДБ төлеу күнінен бастап 7,9% мөлшерінде процент есебімен төрешінің гонорарын өтеуге 51.670 фунт стерлинг;
- Caspian Services Inc ортақ тәртіппен ҚТКФ шығыстарды ЕЖДБ төлеу күнінен бастап 7,9% мөлшерінде процент есебімен LCIA гонорарының төлемақысын жүргізуге.

Осылайша, 2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне қаржы кепілдігі бойынша міндеттеме сот шешіміне сәйкес 2.003.093 мың теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 1.893.585 2.003.093 мың теңге) құрады. Топ 78.581 мың теңге (2018 жылы: 153.714 мың теңге) мөлшерінде есептелген процентке байланысты қаржы шығыстарын мойындады.

29. ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП ЖАРИЯ ЕТУ

Өзара байланысты тараптарды Топтың негізгі басқарушы персоналы, елеулі үлесі Топтың негізгі басқарушы персоналына тікелей немесе жанама тиесілі компаниялар, «ҚМГ» ҰК тобындағы компаниялар және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ бақыланатын басқадай компаниялар жатады.

Өзара байланысты тараптармен мәмілелер нарықтық талаптармен жүзеге асырылуы міндетті болып табылмайтын тараптардың өзара келісілген талаптарымен жүргізілді. Жылдың соңғы күніне өтелмеген қалдықтар қамтамасыз етуге жатпайды, процентсіз болып табылады және олардың кейіннен көрсетілуін қоспағанда өзара есеп айырысуы ақшалай нысанда жүргізіледі. Топ 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша өзара байланысты тараптардың берешегіне жататын дебиторлық берешектің күтілетін кредиттік шығындарын 33.106 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 40.615 мың теңге) мөлшерінде ашып көрсетті. Осы сияқты бағалым өзара байланысты тарап пен оның қызметі жүзеге асырылған нарықтың қаржы жағдайын тексеру арқылы әрбір есепті кезеңде жүзеге асырылды.

2019 жылғы 31 желтоқсанда, 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған өзара байланысты тараптардың елеулі мәмілелері, сондай-ақ 2019 жылғы 31 желтоқсанда, 2018 жылғы 31 желтоқсанда қалыптастырылған қалдықтар төменде көрсетілді:

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

29. ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП ЖАРИЯ ЕТУ (жалғасы)

КІРІСТЕР

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жыл | 2018 жыл |
|--|-------------------|-------------------|
| «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ бақылауындағы компаниялар | | |
| «KTZ EXPRESS» АҚ | 540.968 | – |
| «Құрық порты» ЖШС | 281.718 | 17.283 |
| «Транстелеком» АҚ | 16.080 | 9.633 |
| «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бақылауындағы немесе елеулі ықпалындағы компаниялар | | |
| «КазМунайГаз Трейдинг АГ» | 54.124.035 | 11.034.034 |
| «Теңізшевройл» ЖШС | 29.631.460 | 19.141.256 |
| КМГ Кашаган Б.В. | 2.999 | – |
| Өзгесі | 132.373 | 151.893 |
| | 84.729.621 | 30.354.099 |

Сатып алынған

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 год | 2018 год |
|--|------------------|----------------|
| «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ бақылауындағы компаниялар | | |
| «KTZ EXPRESS SHIPPING» ЖШС («KTZ EXPRESS» АҚ ЕҰ) | 693.780 | – |
| «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты ҰК» АҚ | 258.356 | 231.907 |
| «Құрық порты» ЖШС | 19.863 | 18.171 |
| «МАЭК Казатомпром» АҚ | 977 | 21.555 |
| Өзгесі | 16.701 | 17.146 |
| «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бақылауындағы немесе елеулі ықпалындағы компаниялар | | |
| «ҚазМұнайГаз Трейдинг АГ» | 1.079.310 | 103.857 |
| Byron Shippng S.R.L | 457.530 | 238.768 |
| КМГ Кашаган Б.В. | 427.843 | 231.276 |
| «ТеңізСервис» | 44.140 | 38.408 |
| Өзгесі | 3.310 | 17.061 |
| | 3.001.810 | 918.149 |

Алынған займдар және қаржы шығыстары

| <i>Мың теңгемен</i> | 2018 год | 2017 год |
|-------------------------------|------------|------------|
| «ҚазМұнайГаз ҰК» АҚ | | |
| Алынған займдар (16 Ескертпе) | 22.385.723 | 25.008.730 |
| Қаржы шығыстары (26 Ескертпе) | 1.059.784 | 1.027.874 |

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

29. ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП ЖАРИЯ ЕТУ (жалғасы)

Сауда және өзге дебиторлық берешек

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|--|----------------------------|----------------------------|
| «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ бақылауындағы компаниялар | | |
| «KTZ EXPRESS SHIPPING» (ДО АО «KTZ EXPRESS») ЖШС | 448.568 | – |
| «KTZ EXPRESS» АҚ | 149.008 | – |
| «Құрық порты» ЖШС | 7.168 | 192 |
| «Транстелеком» ЖШС | 1.501 | 6.123 |
| «Қазпошта» АҚ | 204 | 94 |
| «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бақылауындағы немесе елеулі ықпалындағы компаниялар | | |
| «ҚазМұнайГаз Трейдинг АГ» | 6.010.872 | 3.380.576 |
| «Теңізшевройл» ЖШС | 3.294.528 | 6.469.691 |
| Byron Shippng S.R.L | 27.929 | – |
| Өзгесі | 10.790 | 22.850 |
| | 10.053.467 | 9.879.526 |

Сауда және өзге кредиторлық берешек, шарт бойынша міндеттемелер және алынған аванстар

| <i>В тысячах тенге</i> | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|--|----------------------------|----------------------------|
| «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ бақылауындағы компаниялар | | |
| «ҚТЖ ҰК» | 5.385 | 11.490 |
| «НАК Казатомпром» АҚ | – | 1.626 |
| Өзгесі | 354 | 551 |
| «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бақылауындағы немесе елеулі ықпалындағы компаниялар | | |
| «Теңізшевройл» ЖШС | 8.885.336 | 23.734.655 |
| «КазМунайГаз Трейдинг АГ» | 128.168 | 115.644 |
| КМГ Кашаган Б.В. | 67.363 | 89.706 |
| «ТеңізСервис» ЖШС | 2.931 | 8.548 |
| Өзгесі | 5.738 | 3.328 |
| | 9.095.275 | 23.965.548 |

Негізгі басқарушы персоналға тиісті сыйақы

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне негізгі басқарушы персоналды 4 адам (2018 жылы: 4 адам) құрады. 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша негізгі басқарушы персоналға тиісті, қоса берілген жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған есептемеге енгізілген жалпы сыйақы сомасы 275.956 мың теңгені (2018 жыл бойынша: 332.797 мың теңге) құрады. 2019 жылы негізгі басқарушы персоналға тиісті сыйақыны сайып келгенде еңбек жалақысы мен жыл нәтижелері бойынша бонустар құрады (2018 жылы: сайып келгенде еңбек жалақысы құрады).

30. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Салық салу

Қазақстан салық, валюталық және кеден заңнамасы әрқилы түсіндірмелерге жол береді және оған жиі өзгерістер енгізіледі. Топ операциялары мен қызметіне қатысты осы заңнаманың қолданылуына қатысты Топ басшылығының интерпретациясын тиісінше органдар даулауы мүмкін. Жақын арада Қазақстанда орын алған оқиғалардың бірі салық органдарының заңнаманың интерпретациясы және

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

30. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

салық есептеулерін тексеру кезінде барынша қатаң ұстанымда болуының дәлелдемесі болды. Осының салдарынан салық органдары осыдан бұрын кінәрат тағылмаған мәмілелер мен есепке алу әдістеріне қатысты кінәрат-талаптарын қоюы мүмкін. Нәтижесінде елеулі қосымша салықтар, өсімпұл мен айыппұл есептелуі мүмкін. Салық тексерістері тікелей тексерілген жылдың алдыңғы 5 (бес) күнтізбелік жылындағы қызметті қамтуы мүмкін. Нақтылы жағдаяттарда тексерістер неғұрлым ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасында ортақ пікірді ұстанбаған жағдайлар да аз емес, соның ішінде ХҚЕС сәйкес шоғырландырылған қаржы есептілігінде кірістерді, шығыстарды және басқадай баптарды ашып көрсетуге қатысты пікірлерді қоса алғанда.

Қазақстандық салық салу жүйесіне тән айқынсыздық салдарынан салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдың түпкілікті сомасы, егер осы сияқты болса, қазіргі уақытқа дейін болған және 2019 жылғы 31 желтоқсанға есептелген шығыстар сомасынан жоғары болуы мүмкін. Топ басшылығы 2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне тиісінше заңнама ережелерінің интерпретациясы дұрыс берілгендігі туралы ұйғарымға келе отырып, Топтың салық, валюталық және кедендік заңнамасы бөлігінде ұстанымы дау туындаған жағдайда ойдағыдай қорғалады деген сенімде.

2016 жыл ішінде салық заңнамасында 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген, Топқа ықпалын тигізген өзгерістер болды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелген кемелерден жүктерді тасымалдаудан түскен кірістер бойынша заңды тұлғалардың табыс салығы 100%-ға төмендеді. Бұл осы сияқты кірістер табыс салығынан босатылады деген сөз. Топ 2016 жылы өз меншігіндегі кемелерді Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде қайта тіркеді.

Топ 2018 жылы аталмыш кемелерді жалға берді. Топ осы кемелермен жүктерді тасымалдау бойынша қызметті жүзеге асырудан кірістерге ие болмауы себептен табыс салығының 100%-ға төмендеуі қолданылмады. Қолданыстағы заңнаманың осы өзгерістеріне байланысты Топ осы кемелерге қатысты кейінге қалдырылған салық міндеттемесін 956.444 мың теңге сомасында (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 1.716.895 мың теңге) қайтара мойындады.

2019 жылы тіркелген активтер (автомобильдер және екі сүйреткіш) сатылды, сондай-ақ сату үшін көзделген «Орал», «Ақтөбе», «Атырау» танкерлері 6.329.437 мың теңге сомасында активтерге аударылды. Осы операциялар нәтижесінде кейінге қалдырылған салық міндеттемесі төмендеді, сондай-ақ құн өсімінен кірістердің түсуіне орай 886.556 мың теңге сомасында ағымдағы корпоративтік табыс салығы есептелді.

Сот талаптары

Қарапайым қызметті жүзеге асыру барысында Топ алдында сот талаптары немесе сот талқылаулары мәнінде жағдайлар қалыптасуы мүмкін. Басшылықтың топшылауы бойынша қазіргі уақытта Топ қызметінің нәтижелеріне немесе оның қаржы жағдайына елеулі ықпалын тигізуі мүмкін қандай да болмасын ағымдағы сот талқылаулары немесе сот талаптары қалыптаспады.

Топ нақтылы жағдаяттарды есепке ала отырып, елеулі міндеттемелердің туындау ықтималдығының деңгейіне баға бере отырып, тиісінше қорды өз шоғырландырылған қаржы есептілігінде міндеттеменің туындауына әкеліп соқтыратын оқиғаның нақты орын алуы ықтималдығы қалыптасқан, ал тиісінше міндеттеме сомасы дәйекті айқындалуы мүмкін жағдайда ғана ашып көрсетеді. Осы шоғырландырылған қаржы есептілігінде 2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне және 2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне сот талаптары бойынша қорлар ашып көрсетілмеді.

Экологиялық мәселелер

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама даму процесінде болғандықтан үнемі өзгерістерге ұшырап отырады. Қоршаған ортаны қорғау саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылыққа жол бергені үшін тағылатын айыппұл аса жоғары болуы мүмкін. Қалыптасқан ережелердің, азаматтық талап қоюлардың немесе заңнамада болған өзгерістердің барынша қатаң интерпретациясы нәтижесінде туындауы мүмкін әлеуетті міндеттемелерге дәйекті баға берілмеуі мүмкін.

Басшылық ағымдағы заңнамаға сәйкес Топтың шоғырландырылған қаржы жағдайына және оның қызмет нәтижелеріне елеулі теріс әсерін тигізуі мүмкін ықтимал немесе мүмкінді міндеттемелер қалыптаспайды деген ұйғарымға келді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

Болашақ операциялық жалдау бойынша шарттық міндеттемелер – жалға беруші ретінде Топ

Топ өздігімен жүзетін баржалар мен танкерлердің операциялық жалға берілуіне бірқатар шарттарды жасасты. Аталмыш шарттар 2 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге жасасты. Болашақ кезеңдерде операциялық жалға берілетін шарттар, сондай-ақ жалға алу элементтерін қамтитын сатып алушылармен жасасқан шарттар бойынша алынуға тиіс ең төмен жалгерлік төлемақы желтоқсанның 31-і күніне мыналарды құрады:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2019 жыл | 2018 жыл |
|---|------------|------------|
| Бір жыл ішінде | 13.643.041 | 18.252.134 |
| Бір жылдан жоғары, бірақ бес жылдан аспайтындай | 294.687 | 20.998.909 |
| Бес жылдан жоғары | – | – |

31. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржы құралдарын ақшалай қаражат пен оның эквиваленттері, қысқа мерзімді банктік депозиттер, сауда және өзге дебиторлық берешек, сауда және өзге кредиторлық берешек, алынған займдар және тікелей шаруашылық қызметін жүргізуден туындайтын қаржы кепілдігі бойынша міндеттемелер құрайды.

Топ алдында валюталық тәуекел, кредиттік тәуекел мен өтімділік тәуекелі туындайды. Топ басшылығы осы тәуекелді басқару процесін бақылайды.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Топ алдында қаржы құралдарымен байланысты міндеттемелерді өтеу үшін қаражатқа ие болу жағдайында қиыншылықтардың туындауы. Өтімділік тәуекелі қаржы активін оның әділ құнына шамалас құны бойынша оралымды сатып өткізу мүмкіндігіне ие болмау нәтижесінде туындауы мүмкін.

Топ ақшалай қаражатының тапшылық тәуекелін бақылауды ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын қолдана отырып жүзеге асырады. Осы құрал қаржы инвестициялары мен қаржы активтерін өтеу мерзімін есепке алады.

Кезекті кестеде Топтың 2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне келісім шарттық дисконтталмаған төлемдер негізінде қаржы міндеттемелерін өтеу мерзімі бойынша жинақ деректер көрсетілді.

| <i>Мың теңгемен</i> | Талап етілмелі | Кемінде 3 ай | 3 айдан 12 айға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан жоғары | Барлығы |
|-------------------------------------|------------------|-------------------|-----------------------|------------------------|-----------------|-------------------|
| 2019 жылғы 31 желтоқсанға | | | | | | |
| Алынған займдар | – | 828.805 | 2.508.861 | 22.073.310 | – | 25.410.976 |
| Қаржы жалгерлігі бойынша міндеттеме | – | 1.021.576 | 1.008.135 | 2.822.975 | – | 4.852.686 |
| Қаржы кепілдігі бойынша міндеттеме | 2.003.093 | – | – | – | – | 2.003.093 |
| Сауда және өзге кредиторлық берешек | 908.430 | 8.349.863 | – | – | – | 9.258.293 |
| | 2.911.523 | 10.200.244 | 3.516.996 | 24.896.285 | – | 41.525.048 |
| 2018 жылғы 31 желтоқсанға | | | | | | |
| Алынған займдар | – | 859.438 | 2.553.792 | 25.624.213 | – | 29.037.443 |
| Қаржы жалгерлігі бойынша міндеттеме | – | 1.076.706 | 1.059.605 | 4.888.542 | – | 7.024.853 |
| Ұқаржы кепілдігі бойынша міндеттеме | 1.893.585 | – | – | – | – | 1.893.585 |
| Сауда және өзге кредиторлық берешек | 381.039 | 8.092.622 | – | – | – | 8.473.661 |
| | 2.274.624 | 10.028.766 | 3.613.397 | 30.512.755 | – | 46.429.542 |

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

31. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – бұл қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны валаютаның айырбастау бағамы салдарынан құбылып отыруы. Топтың валюталық тәуекелге тәуелді болуы ең алдымен АҚШ долларымен және еуромен берілген займдар бойынша берешекке және сауда кредиторлық берешекке байланысты болды. Осылайша, валюталық бағамдардың өзгерістері Топтың жеке қаржы жағдайына елеулі әсерін тигізуі мүмкін.

Төмендегі кестеде 2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне және 2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне Топтың салық салынғанға дейін табыстың АҚШ доллары мен еуроның айырбастау бағамының өзгерістеріне сезімталдығы көрсетілді, оның өзгермейтін өзге өзгерістерді негіздеу мүмкіндігін топшылауы ықтимал.

| | 2019 жылғы 31 желтоқсанға | | 2018 жылғы 31 желтоқсанға | |
|---------------------|--|--|--|---|
| | Айырбастау бағамының өсуі/ (төмендеуі) | Салық салынғанға дейін табысқа әсер етуі | Айырбастау бағамының өсуі/ (төмендеуі) | Салық салынғанға дейін шығындарға әсер етуі |
| <i>Мың теңгемен</i> | | | | |
| АҚШ доллары | +12,00% | (2.118.680) | +14,00% | (3.049.268) |
| | -9,00% | 1.589.010 | -10,00% | 2.178.049 |
| Еуро | +12,00% | 6.781 | +14,00% | 55.136 |
| | -9,00% | (5.086) | -10,00% | (39.383) |

Кредиттік тәуекел

Сайып келгенде кредиттік тәуекел ақшалай қаражат пен оның эквиваленттері бойынша, сондай-ақ клиенттерге, соның ішінде өтелмеген дебиторлық берешекке және расталған операцияларға қатысты туындайды. Банктер мен қаржы мекемелеріне қатысты тек қана рейтингі жоғары мекемелер қабылданады. Топ өз қызметтерін қаржы жағдайы тұрақты және кредиттік тарихы тиісінше бірнеше ірі сатып алушыларға ұсынады. Ақшалай қаражат пен оның эквиваленттерінің және дебиторлық берешектің теңгерімдік құны күтілетін кредиттік шығындар үшін бағалау қорларын шегергенде кредиттік тәуекелге тәуелділіктің ең жоғары сомасын білдіреді. Топ ішкі рейтинг тағайындау және контрагенттерге кредиттік лимиттерді белгілеу саясатын ұстанбайды.

Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құны сома ретінде айқындалады, оған құрал тарату кезінде мәжбүрлеп сату немесе сатып өткізу мәмілелерін қоспағанда, ағымдағы мәміледе осы турасында хабардар болған және осы сияқты мәмілені жасасуға ниет білдірген тараптар арасында нарықтық талаптармен алмастырылуы мүмкін.

Қаржы құралдарының әділ құнын есептеп шығару үшін осыған ұқсас талаптармен және кредиттік тәуекелмен қаржы құралдары үшін өтелгенге дейін қалған уақыт кезеңін есепке ала отырып, нарықтық проценттік мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының үлгісі қолданылды. Әділ құны қаржы есептілігінде ашып көрсетілетін активтер мен міндеттемелер жағдайында болашақ ақша ағындары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк (ҚРҰБ) жариялаған статистика негізінде өтеу мерзімі ұқсас қаржы құралдарының орташа нарық мөлшерлемесі бойынша дисконтталады.

31. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ САЯСАТЫ (жалғасы)

2019 жылғы желтоқсанның 31-і күніне және 2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне ақшалай қаражат пен оның эквиваленттерінің, қысқа мерзімді банктік депозиттердің, сауда және өзге дебиторлық берешектің,

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕ (жалғасы)

сауда және өзге кредиторлық берешектің теңгерімдік құны және қаржы кепілдігі бойынша міндеттемелер осы құралдардың қысқа мерзімді сипаттамасы салдарынан шамамен олардың әділ құнына теңдес болды. Нарық мөлшерлемесі 4,1%-бен алынған займдардың әділ құны 22.733.325 мың теңгеге (2018 жылы: мөлшерлемесі 5,5% жағдайында 20.712.967 мың теңге) теңдес болды.

Капиталды басқару

Топ өз капиталын берешек пен капитал теңгерімін оңтайландыру арқылы мүдделі тұлғалар үшін кірістерді барынша ұлғайтумен қатар іркіліссіз қызметін жүзеге асыру қағидатын ұстануды жалғастыру үшін басқарды.

Топ капиталын басқару қатысушының капиталын басқару стратегиясына аса тәуелді. Капиталды басқару жөніндегі шешімдердің қомақты бөлігі қатысушының тиісті комитеттерімен келісілген жағдайында қабылданады. Капитал құрамын қолдау немесе оған түзетулерді енгізу үшін қатысушы Топтың жарғылық капиталын ұлғайтуы және/немесе барлық елеулі сыртқы займдарға кепілдік бере отырып Топқа үшінші тараптардан займ қаражатын алуға өкілеттік беруі мүмкін.

32. ЕСЕПТІ КҮНІНЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒА

Топ 2020 жылғы қаңтарда Төрелік соттың ЕЖДБ талабы бойынша шешімін алды, мұнда ЕЖДБ кінәрат-талабы ішінара қанағаттандырылды. Осы қаржы есептілігінде ЕЖДБ алдында міндеттеме толық көлемде қанағаттандырылды.